

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Зекрист Р.И., Исаева Н.Н.

**4ІР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ:
ӘДІСТЕМЕ, ТЕХНОЛОГИЯЛАР,
ИНСТРУМЕНТАРИЙ**

I БӨЛІМ

**ДИСТАНЦИОННОЕ ОБУЧЕНИЕ:
МЕТОДИКА, ТЕХНОЛОГИИ,
ИНСТРУМЕНТАРИЙ В УСЛОВИЯХ 4ІР**

ЧАСТЬ I

Алматы, 2021

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00
3 47

**3.Алдамжар ат. ҚӘТУ Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған
(2020 ж. 26 маусымдағы № 11 хаттама)**

Пікір жазғандар:

- Баймухамедов М.Ф.** – техника ғылымдарының докторы, З.Алдамжар ат. ҚӘТУ профессоры. Қостанай, Қазақстан Республикасы;
Ян Кампбелл – философия ғылымдарының докторы, Экономика жоғары мектебінің профессоры. Прага, Чехия Республикасы.

Орыс тілінен аударған – **Гаухар Галихан**, <http://gaukhargalikhan.tilda.ws>

Зекрист Р.И., Исаева Н.Н., құрастырушы-авторлар
3 47 41R Жағдайындағы қашықтан оқыту: әдістеме, технологиялар, инструментарий. Дистанционное обучение: методика, технологии, инструментарий в условиях 41R [Мәтін]: Студенттерге арналған оқу құралы / Р.И.Зекрист, Н.Н. Исаева. – Алматы: Бастау. 2021. – 312 бет.

ISBN 978-601-7991-52-4

Кітап екі бөлімнен тұрады. Оқу құралының ұсынылған бөлімінің мақсаты – білім алушының білім беру саласын өзгертетін инновациялық қабілеттерге ие болу және заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың танымдық дағдыларын қалыптастыру. Электронды құралдар мен интерактивті оқу бағдарламаларын жасау, оқыту жүйелерін автоматтандыру, виртуалды мектептер мен университеттерді ұйымдастыру, көпшілікке арналған ашық онлайн-курстарды кеңінен қолдану тәжірибеге айналды. Оқытудың аралас модельдерін қолдану аясы кеңейіп, электронды түрде оқыту (ЭО) және қашықтан білім беру технологияларының (ҚБТ) элементтері жиі енгізілуде.

Кітап бакалавриат және орта арнайы білім беру шеңберіндегі барлық оқу формасындағы студенттерге, оқытушылар мен магистранттарға арналған, сонымен қатар жоғары сынып оқушылары мен мектеп мұғалімдері үшін пайдалы болуы мүмкін.

Книга состоит из двух частей. Цель предлагаемой части пособия – сформировать у обучающихся учебно-познавательные навыки владения инновационными компетенциями и применения современных информационно-коммуникационных технологий, трансформирующих сферу образования. Создание электронных пособий и интерактивных учебных программ, автоматизация систем обучения, организация виртуальных школ и университетов, использование массовых открытых онлайн-курсов превратилось в повсеместную практику. Все чаще применяются смешанные модели обучения, внедряются элементы электронного обучения (ЭО) и дистанционных образовательных технологий (ДОТ).

Книга предназначена для студентов всех форм обучения в рамках бакалавриата и среднего специального образования, преподавателей и магистрантов, также может быть полезной для школьников старших классов и учителей школ.

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN 978-601-7991-52-4

© Зекрист Р.И., Исаева Н.Н., 2021
© Бастау. 2021

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Оқыту курсының нормативтік-құқықтық базасы	8
Нормативно-прававая база учебного курса.....	156
1. Қашықтан оқыту теориясының негіздері.....	10
1. Основы теории дистанционного обучения.....	158
1.1 Қашықтан оқытудың білім беру жүйесіндегі рөлі және орны	10
1.1 Роль и место дистанционного обучения в системе образования	158
1.2 Қашықтан оқытудың негізгі ұғымдары	16
1.2 Основные понятия дистанционного обучения	165
1.3 Қашықтан оқытудың дидактикалық жүйесі	24
1.3 Дидактическая система дистанционного обучения.....	173
1.4 Дәстүрлі және қашықтан оқытудың салыстырмалы талдауы	30
1.4 Сравнительный анализ традиционного и дистанционного обучения.....	180
Өзін-өзі тексеру сұрақтары	37
Вопросы для самоподготовки.....	188
Шығармашылық тапсырмалар	37
Творческие задания.....	188
Баяндама және реферат тақырыптары	38
Темы докладов и рефератов	189
2. Білім беру технологиялары	39
2. Образовательные технологии.....	190
2.1 Қашықтан оқытуға арналған, интерактивті, белсенді технологиялар	39
2.1 Дистанционные, интерактивные, активные технологии	190
2.2 Желілік және кейс-технологиялар.....	47
2.2 Сетевые и кейс-технологии	198
2.3 Электронды оқулық.....	53
2.3 Электронный учебник.....	205
2.4 Виртуалды және қашықтағы зертханалық жұмыстар	62
2.4 Виртуальные и удаленные лабораторные работы.....	214

Өзін-өзі тексеру сұрақтары	71
Вопросы для самопроверки	223
Шығармашылық тапсырмалар	71
Творческие задания	223
Баяндама және реферат тақырыптары	72
Темы докладов и рефератов	224
3. Қашықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру әдістемесі	73
3. Методика организации учебного процесса с применением дистанционных технологий	225
3.1 ҚБТ қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру шарттары және ұстанымдары	73
3.1 Условия и принципы организации учебного процесса с применением ДОТ	225
3.2 Қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз ету	92
3.2 Организационно-методическое обеспечение учебного процесса с применением дистанционных образовательных технологий	244
3.3 Қашықтан оқыту тиімділігінің шарттары	97
3.3 Условия эффективности дистанционного обучения	249
Өзін-өзі тексеру сұрақтары	104
Вопросы для самопроверки	256
Шығармашылық тапсырмалар	104
Творческие задания	256
Баяндама және реферат тақырыптары	104
Темы докладов и рефератов	256
4. Қашықтан оқытуды ұйымдастыру негіздері	105
4. Основы организации дистанционного обучения	258
4.1 Қашықтан оқытуды ұйымдастыру нұсқалары	105
4.1 Варианты организации дистанционного обучения	258
4.2 Қашықтан оқыту модельдері	114
4.2 Модели дистанционного обучения	267
4.3 Қашықтан оқыту тиімділігін бағалау критерийлері	119
4.3 Критерии оценки эффективности дистанционного обучения	273

Өзін-өзі тексеру сұрақтары	127
Вопросы для самоподготовки	280
Шығармашылық тапсырмалар	127
Творческие задания	280
Баяндама және реферат тақырыптары	128
Темы докладов и рефератов	281
5. Қашықтан оқытуға арналған бағдарламалық жасақтамаға шолу	129
5. Обзор программного обеспечения для дистанционного обучения	282
Өзін-өзі тексеру сұрақтары	142
Вопросы для самоподготовки	295
Шығармашылық тапсырмалар	142
Творческие задания	295
Баяндама және реферат тақырыптары	142
Темы докладов и рефератов	296
ГЛОССАРИЙ	143
ГЛОССАРИЙ	297
ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ	151
СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ	306

**4IR ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ:
ӘДІСТЕМЕ, ТЕХНОЛОГИЯЛАР,
ИНСТРУМЕНТАРИЙ**

Құрастырушы-авторлар жаңа шығармашылық бағытта қарастырылатын идеялардың авторларына алғысын білдіреді.

ОҚЫТУ КУРСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАСЫ

Қазақстан Республикасының Конституциясы.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы (2020 ж. 7 шілдедегі жағдай бойынша өзгерістер және толықтыруларымен).

Қазақстан Республикасының Ғылым туралы заңы (2019 ж. 28 қазандағы жағдай бойынша өзгерістер және толықтыруларымен).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясаты туралы заңы (2018 ж. 13 маусымдағы жағдай бойынша өзгерістер және толықтыруларымен).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 ж. 14 желтоқсан. «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». – akorda.kz.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 ж. 1 қыркүйек «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі». – akorda.kz.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. 2017 ж. 12 желтоқсандағы №827 ҚР Үкіметінің Қаулысы

«Ресей Федерациясының цифрлық экономикасы» бағдарламасы. Ресей Федерациясы Үкіметінің 2017 ж. 28 шілдедегі № 1632-р. Өкімі. 2030 жылға дейінгі перспективада Еуразия экономикалық одағының цифрлық кеңістігін қалыптастыруға деген жалпы көзқарас. ҚР Премьер-министрінің ресми сайты.UPL: primeminister.kz.

Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы («Қазақстанның киберқалқаны»). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 ж. 30 маусымдағы № 407 қаулысы.

Робототехника туралы азаматтық құқықтар нормалары және Робототехника хартиясы (2017.06). Civil Law Rules on Robotics (2015/2103(INL)).

Цифрлық мұраны сақтау туралы хартия. ЮНЕСКО-ның 32-ші Бас конференциясында қабылданды. Париж, Франция, 2003 ж. қазан.

1948 ж. 10 желтоқсандағы *Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы.*

2012 ж. 29 желтоқсандағы N 273-ФЗ (2020 ж. 31 шілдедегі ред.) *«Ресей Федерациясындағы білім туралы» федеральды заңы* (2020 ж.

01 қыркүйекте күшіне енген өзгерістер және толықтырулармен бірге). 16-бап. Білім беру бағдарламаларын электронды оқыту және қашықтан білім беру технологияларын қолданып, білім беру бағдарламаларын іске асыру.

ТЖ кезінде қашықтан оқыту тәртібі туралы заң. «Ресей Федерациясындағы білім туралы» Федералды заңының 71-1 және 108 баптарына өзгерістер енгізу туралы» 2020 ж. 08 маусымдағы № 164-ФЗ Федералды заңы.

1. ҚАШЫҚТАН ОҚИТУ ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қашықтан оқытудың білім беру жүйесіндегі орны

Адамзат жинақтаған білім көлемінің ұдайы өсуі кезіндегі қалыптасып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында адам қызметінің әртүрлі салаларындағы пайдалануға қажетті мәліметтердің жаңару қарқыны өсіп, жеке тұлғаның және қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес көп адамның өмір бойы үздіксіз оқу мүмкіндігін қамтамасыз ететін білімді тарату механизмдерін дамыту және жетілдірудің объективті қажеттілігі туындайды. XX ғасырдың екінші жартысында ақпараттық революцияның себебі болған жаңа ақпараттық технологиялар қашықтан оқыту (ҚО) әдістерінің қарқынды дамуына және ашық білім (АБ) тұжырымдамасының қалыптасуына түрткі болды.

Қашықтан оқыту және білім беру – оқытуды барынша сапалы және қолжетімді етуге мүмкіндік беретін заманауи технология. Бұл компьютер, Интернет желісін және білім беру ортасын оқыту құралы ретінде пайдалануға тығыз байланысты болып келетін жаңа мыңжылдықтың білім беру жүйесі. Қашықтан білім беру ЮНЕСКО-ның мәдени-білім беру бағдарламалырының басты бағыттарының бірі болып танылды, соңғы он жыл ішінде ол білім беру және ақпараттық мәдениеттің жаһандық құбылысына айналды. Қашықтан оқыту технологиялары білім беру орталықтарынан денсаулығының жағдайына, өмір сүру салтының ерекшелігіне, аумағы жағынан қашық жерде болуына байланысты әртүрлі себептермен алшақ болған адамдарға толыққанды білім алуға мүмкіндік береді. Қашықтан білім беру технологиялары мемлекеттің барлық талаптарына сәйкес келетін толыққанды білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Классикалық сабақ, дәріс, семинар, практикалық сабақ, тест, электронды оқулық, бақылау тапсырмалары және оқытушының кеңестері оқушыларға қашықты режимде өз компьютерінің мониторында цифрлық түрде қолжетімді.

Тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн. Қашықтан оқыту теориясы мен практикасының көпжылдық отандық және шетелдік тәжірибесі білім беруді дамытудың осы бағытының жаңашылдығын және өзектілігін растайды, білім алу тәсілдерінің бірі болып табылатын қашықтан оқытудың мән-мағынасына жақындата түседі.

Білім беру саласына жаңа оқыту формаларын енгізу барысында осы процестің барлық субъектілеріне, әсіресе әртүрлі деңгейдегі менеджерлерге болашақта дұрыс басқарушы шешімдер қабылдау үшін осы оқыту формасының ерекшеліктері мен мән-мағынасын толық түсіну қажет, сондықтан қашықтан оқытудың ұғымдар аппараты мен айрықша сипаттамаларына талдау жүргізу қажет.

Қазіргі уақытта үздіксіз өзгеріп жатқан ақпараттық технологияларға ілесу үшін үнемі оқу қажет. Қашықтан оқыту - оқыту формаларының бірі болып табылады. Оның не екенін қарастырайық.

Қашықтан оқыту (ҚО) – оқушыға оқу материалының басым бөлігі және оқытушымен өзара әрекет етудің басты бөлігі заманауи ақпараттық технологиялар: интернет, компьютерлік телекоммуникациялар, ұлттық және кабельді теледидар, мультимедиа, оқыту жүйелерін пайдалану арқылы жүргізілетін оқыту.

Әдетте қашықтан оқыту ретінде мұғалім мен оқушы немесе оқушылар географиялық тұрғыдан алшақ болғандықтан оқу процесін ұйымдастыру үшін электронды құралдарға және баспа құралдарына негізделетін оқу процесі қабылданады. Қашықтан оқыту қашықтан білім беру және қашықтан оқытуды (оқушылардың танымдық іс-әрекетін) қамтиды, яғни оқу процесіне оқытушы және оқушы қатысады.

ҚО – оқытушы мен оқушының арасындағы көзбе-көз тікелей қарым-қатынасынсыз оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген оқу процесін жүзеге асыру тәсілі.

Оқушыларға дамыған, ақпараттық ресурстарды, ұсынылған заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып талап етілген білімді өз бетінше алу мүмкіндігін ұсыну қашықтан оқытудың ерекшелігі болып табылады. Ақпараттық ресурстар: деректер және білім базалары, компьютерлік, соның ішінде мультимедиа, білім беру және бақылау жүйелері, бейне және аудиожазбалар, дәстүрлі оқулықтар мен әдістемелік құралдарды қоса алғанда электронды кітапханалар кең аудиторияға қолжетімді бірегей оқыту ортасын құрайды.

Чаттар мен форумдарды, бейне- және телевизиялық конференцияларды өткізу, компьютерлік коммуникациялар арқылы оқытушылармен жиі, типті күнде кеңес алу мүмкіндігі оқушылардың оқытушылармен өзара әрекет етуін дәстүрлі оқыту формасына қарағанда қарқынды етеді.

Қашықтан білім беру – жаңа ақпараттық технологиялар және мультимедиа жүйелерінің негізінде күндізгі, күндізгі-сырттай және сырттай оқыту элементтерін қамтитын ерекше жетілген форма.

Бұрынғы жылдары білім беру мекемесіне бара алмайтын білім алушылар өз бетінше ата-анасының немесе келетін педагогтардың көмегімен үйінде білім алатын еді. Қазіргі таңда заманауи техниканың дамуы үйден білім алғысы келетіндерге білім алуды ыңғайлы жағдайда жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қашықтан оқытуды бастау үшін Интернетке қосылу және тиісті техникалық құралдардың болуы ғана қажет.

Білім алушы білім беру мекемелерінің күндізгі бөлімінде бірқатар себептермен оқи алмауы мүмкін. Солардың кейбіреулері:

- отбасы бір қаладан бір қалаға көшіп, тұрғылықты жерін жиі ауыстырады;
- оқушы қосымша спортпен айналысады, сондықтан қалыпты кесте бойынша мектепке бара алмайды;
- білім алушы материалды қабылдау қарқыны бойынша құрдас-тарынан едәуір алда;
- оқушыға бағдарламаны қалыпты меңгеріп, жақсы баға алуына кедергі жасайтын оқытушымен қақтығыста болуы. Осындай жағдайлардың көбінде қашықтан оқыту білім беру мекемесіне барудың жақсы баламасы болып табылады.

Қашықтан оқытудың дәстүрлі оқыту формаларымен салыстырғанда төмендегідей **артықшылықтары** бар:

- оқушылар дайындығының базалық деңгейіне және қабілеттеріне, денсаулығына, тұрғылықты жеріне бейімделудің жоғары деңгейі, осыған байланысты білім алу процесін жеделдету және оқыту сапасын арттыру мүмкіндіктерінің көп болуы;
- автоматтандырылған оқыту және тестілеу жүйелерін пайдалануға бағытталу арқылы білім беру процесінің сапасын арттыру;
- оқушылардың компьютерлік желілерді пайдалана отырып баламалы дереккөздерді пайдалану себебінен оларға «тоғыспалы» ақпараттың қолжетімді болуы;
- өзін-өзі ұйымдастыру, білімге ынталану, компьютерлік техниканы қолдана білу және өз бетінше жауапты шешім қабылдау арқылы оқушылардың шығармашылық және зияткерлік потенциалын арттыру;

- оқытудың қолайлылығы (оқушылар белгілі бір оқытушымен тікелей тілдесіп, өздерін қызықтыратын мәселелер туралы сұрақ қоя алады).

Осылайша білім беру ұйымдарына қашықтан оқыту жүйесін енгізу келесі **мәселелерді** шешуге мүмкіндік береді:

- ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар оқушыларды, сондай-ақ жиі ауыратын оқушыларды оқыту;
- оқушылардың білім деңгейін қашықтан бақылауды ұйымдас-тыру;
- дарынды оқушылармен жұмыс жасау (деңгейі жоғары қосымша жеке тапсырмалар);
- оқытылатын курстың жеке тақырыптарын немесе бөлімдерін өз бетінше меңгеруде оқушыларға көмек көрсету;
- оқушыларды қызықтыратын пәндер немесе бөлімдерді терең/бағдарлы зерттеуде көмек көрсету.

Сонымен қатар қашықтан білім беру технологияларын оқыту процесіне енгізу кезінде бірқатар **проблемалар мен қиыншылықтар** да бар:

- нормативтік-құқықтық (қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы сабақ өткізетін курс авторлары мен оқытушыларына төлеу схемасы);
- педагогикалық (қашықтан оқытылатын курстардың жаңа авторлары мен қашықтан оқытушыларды даярлау);
- техникалық және эргономикалық (Интернетке сапалы қосылу-дың болуы);
- психофизиологиялық (оқытушының жұмыс уақытында қашықтан оқыту курсына өткізуге жұмыс уақытының болмауы, оқытушының ағымдағы жұмыс жүктемесінің үлкен болуы);
- білімнің қолжетімділігі-сапасы балансының сақталуы;
- оқытушының оның техникалық, әдістемелік және психологиялық біліктері мен дағдылары тұрғысынан қашықтан педагогикалық қызметке бейімдеу қажеттілігі;
- оқуға деген ынтаны ұлғайту;
- оқытуды жүргізу барысында психологиялық қолайлы жағдай жасау;
- желілік этикет және педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау.

Қашықтан оқыту технологияларын қолданып оқыту барысындағы проблемаларды шешу үшін виртуалды кеңістікте оқушының ынтасы

мен қызығушылығы үлкен рөл атқаратынын ескеру маңызды. Ең жақсы және озық технологиялардың өзі, соның ішінде ақпараттық және психологиялық-педагогикалық технологиялар оқу процесін оңтайландырусыз кері әсерін тигізуі мүмкін, сондықтан сапалы әрі қолжетімді білім үшін оқыту процесіне қашықтан білім беру жүйесін жай ғана енгізу жеткіліксіз, бұл іске деген шығармашылық көзқарас, педагогтар мен оқушылардың оқу қызметін ұйымдастырудың реттелетін жүйесін құру қажет. Қашықтан оқыту технологияларын пайдалану арқылы оқыту – бұл тек дәстүрлі оқу процесінің қағидаларын өзгертуді және педагогикалық қызметтегі ұстанымдар мен әдістерді қайта қарауды талап ететін оқытудың айрықша формасы.

Қашықтан оқыту келесі факторларды ескерумен жүзеге асырылады:

1. *Интерактивтілік* – оқу процесінде мұғалім және оқушылардың, оқушылардың өзара әрекет етуі – қашықтан оқытудың басты сөзі болып табылады. Сырттай оқу кезінде интерактивтілік эпизодты түрде болады. Қашықтан оқыту формасында екі деңгейде жүзеге асырылады: мұғалім мен оқушылардың өзара әрекет етуі деңгейінде және оқушылардың өзара әрекет етуі деңгейінде олардың оқыту құралдарын, көбіне электронды құралдарды пайдалануымен жүргізіледі. Өзара әрекет етудің екінші формасы оқытудың кез келген формасында болуы мүмкін.
2. Қашықтан оқыту жүйесінің барлық құрамдас бөліктерін жүзеге асыру құралдары оқыту жүйесінің әр құрамдас бөлігіне оларды тандау, құрылымдау, ұйымдастыруына шарт бола отырып өзіндік әсерін тигізеді. Сырттай оқыту курсының қашықтан оқыту курсынан елеулі айырмашылығы бар: оқу материалын ұйымдастыру, оның құрылымы, оқытушы мен оқушының өзара әрекет етуі, оқу процесінің ақпараттық-білім беру ортасын ұйымдастыру. Оқыту әдістері мен формаларының арасында да қолданылатын интернет-технологиялар әсерінен елеулі айырмашылықтар бар. Олар оқу процесіне кіріктірілген және оның ажырамас бөлігі болып табылады.
3. Оқушылардың танымдық қызметін басқару қолданылатын Интернет қызметтерінің ерекшелігіне байланысты.

Қашықтан оқытудың жаһандық деңгейдегі артықшылықтарынан басқа білім алушылар үшін бірқатар ***жақсы жақтары*** бар:

Қолжетімділік. Әлемнің кез келген жерінде болып, сапалы білім алу мүмкіндігі (әсіресе аудандар тұрғындары, сондай-ақ әскери қызметтегілер үшін өте өзекті).

Параллельділік. Кәсіби немесе басқа оқу ұйымындағы білім алу қызметімен қатар жүргізілуі мүмкін.

Икемділік. Білім алушылар өздеріне қолайлы жерде, қолайлы уақытта, өздеріне қолайлы жылдамдықпен жұмыс істеуі мүмкін. Әр адам пәнді меңгеру үшін және таңдалған курстар бойынша өзіне қажетті шамада оқи алатынына байланысты қашықтан оқыту денсаулығы нашар адамдарға және мүгедектерге қолжетімді.

Асинхронды. Қашықтан оқыту формасын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын оқу процесі, уақытқа тәуелсіз білім беруші мен білім алушыға қолайлы кесте бойынша жүргізіледі.

Модульділік. Білім беру бағдарламасы әр білім алушы үшін жеке құрылады және білім алушының жеке қажеттіліктеріне сай бірізді курс-модульдер жиынтығы болып табылады. Әр жеке курс белгілі бір пән саласынан толық түсінік береді. Білім беру бағдарламасы мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

Мобильділік. Оқу материалдары, дәрістер мен тапсырмалар бар тасымалданатын компьютердің әрқашан өзімен бірге болу мүмкіндігі алған теориялық білімді кідіртпей іс жүзінде – жұмыс барысында қолдануға жағдай туғызады.

Экономикалық тиімділік. Орта есеппен қашықтан оқыту дәстүрлі оқыту формаларына қарағанда 50%-ға арзан болады. Отандық мемлекеттік емес қашықтан оқыту орталықтарының тәжірибесі олардың маманды даярлауға кететін шығындары күндізгі форма бойынша маманды даярлауға кететін шығындардың шамамен 60%-ын құрайтынын көрсетеді.

Кезең-кезеңмен төлем жасау. Курсты бірден толық төлемей, оқыту ретімен кезең-кезеңімен төлеу мүмкіндігі.

Оқытушының жаңа рөлі. Оған білім беру процесін жетілдіру, оқытылатын курсқа түзетулер енгізу, жеке оқу жоспарын құру кезінде кеңес беру, оқу жобаларын басқару және т.б. функциялар жүктеледі. Оқытушы өзара қолдау көрсету топтарына жетекшілік етеді, білім алушыларға олардың кәсіби өзін-өзі анықтауына көмектеседі. Білім алушылар мен оқытушының қашықтан оқыту жүйесіндегі асинхронды өзара әрекет етуі корреспонденттердің мекенжайларына хабарлама жіберу арқылы өзара хабарлама алмасуды қамтиды. Бұл келіп түскен ақпаратқа талдау жасап, корреспонденттерге қолайлы уақытта жауап беруге мүмкіндік береді. Оқытушы қолдана алатын электронды дауыс поштасы немесе электронды компьютерлік желілер өзара әрекет ету әдістері болып табылады.

Оқыту сапасын мамандандырылған тұрғыдан бақылау. Қашықтан оқытудағы бақылау формалары ретінде қашықтан ұйымдас-тырылған емтихан, сұхбаттасу, практикалық, курстық, жобалық жұмыстар, экстернат, компьютерлік зияткерлік тестілеу емтихандары қолданылады. Қашықтан оқыту сапасын бақылау, оның мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкестігі мәселесін шешу толық білім беру жүйесінің табысты болуы үшін өте маңызды. Қашықтан оқыту бағдарламаларының академикалық мойындалуы осы мәселені шешу табыстылығына тікелей байланысты, сондықтан қашықтан оқыту жүйесіндегі бақылауды жүзеге асыру үшін мемлекеттік бірыңғай тестілеу жүйесі құрылуы қажет.

Оқытудың мамандандырылған технологияларын және құралдарын пайдалану. Қашықтан оқыту технологиясы – бұл белгілі бір сабақтар массивін өз бетінше, бірақ бақылаумен меңгеру процесінде білім алушылармен өзара әрекет ету әдістері, формалары және құралдарының жиынтығы. Оқыту технологиясы белгілі бір мазмұндағы іргетасқа қаланып, оны ұсыну талаптарына сәйкес болуы тиіс. Меңгеруге ұсынылған материал мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес қашықтан оқытуға арналған арнайы курстар мен модульдерде шоғырланады.

Қашықтан оқыту формасын анықтайтын негізгі факторлар:

- 1) мұғалім мен оқушының оқу процесінің басым бөлігіне қашықтықта болуы;
- 2) мұғалім мен оқушының күш салуын біріктіре алатын оқу құралдарын пайдалану және курсты меңгеруді қамтамасыз ету;
- 3) мұғалім мен оқушы, курс әкімгері және оқушылар арасындағы интерактивтілікті қамтамасыз ету;
- 4) өзін-өзі қадағалау мұғалім тарапынан қадағалаудан басым болуы. Білім беру процесінде қашықтан оқыту формалары, әдістері және құралдарын қолдану қашықтан оқыту және қашықтан білім алу қашықты технологиялар жүйесіне логикалық тұрғыдан кіреді деп пайымдауға негіз береді.

1.2 Қашықтан оқытудың негізгі ұғымдары

Дидактикада **оқыту** және **білім беру** басты категориялар болып табылады.

Қашықтан оқыту және қашықтан білім беру – педагогикадағы жаңа құбылыстар. Сол себепті осы ұғымдардың мағынасын анықтау

өте маңызды. Қазіргі уақытта олардың бірыңғай түсініктемелері жоқ. Бұл жағдай, атап айтқанда, ҚО нақты білім беру қызметінің беталысы мен нормативтік-құқықтық құжаттар мазмұнының арасындағы карама-қайшылықтарда анық көрінеді. Осы саладағы теория негіздерінің әзірленбеуі тек осы сұрақтарды егжей-тегжейлі қарастырып қана қоймай, жалпы алғандағы оқыту және білім беру категорияларын анықтау қажеттілігін туғызуда.

Әдебиетте **оқытудың** әртүрлі түсініктемелері ұсынылады. Мысалы, В.И. Вдовюк оқыту ұғымына *курсанттар мен тыңдаушылардың ғылыми және қолданбалы білімі, дағдылар мен шеберлігін, ойлау және шығармашылық қабілеттерін, кәсіби қызметін жүзеге асыру үшін қажетті жеке тұлға қабілеттерін дамыту бойынша білімді меңгеру жөніндегі белсенді оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру және ынталандыру бойынша мақсатты бағытталған педагогикалық процесс* деп анықтама береді.

Н.А. Давыдов пікірінше, оқыту – бұл *студенттердің кәсіби білімді, дағдыларды меңгеру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, студенттерге мамандықты өз бетінше меңгеру үшін қажетті тұлғалық қасиеттері мен дүниетанымын қалыптастыру жөніндегі оқу-танымдық қызметін басқарудың мақсатты бағытталған процесі.*

А.А. Золотаревтың пікірінше, оқыту *педагогикалық жүйе шеңберінде өтетін оқытушы мен білім алушылардың өзара байланысқан қызметінің процесі* болып табылады.

М.Г. Гарунов оқытуды *білім алушы мен оқытушы өзара әрекет ететін, білім беру, тәрбиелеу және дамыту жоспарлы әрі мақсатты түрде жүзеге асырылатын екіжақты процесс, оқу субъектілерінің дамыту, оларда білім, дағдылар, біліктер, болашақ кәсіби немесе оқу қызметі дүниетаным элементтерін қалыптастыратын оқытушы мен оқу субъектілерінің бірлескен қызметі ретінде* қарастырады. Ұсынылған анықтамаларда үш басты ұғымды атап айтуға болады: **өзара әрекет ету** (басқару), **процесс** және сирек кездесетін **педагогикалық жүйе**. Өзара әрекет ету немесе процесс қандай жүйе шеңберінде жүргізілетіні анықталмауы «оқыту» категориясын түсіндіру нұсқаларының негізгі кемшілігі болып табылады.

Біздің ойымызша, бұндай кемшілік «қашықтан оқыту» ұғымын түсіндіру нұсқаларында да бар. Осылайша, **қашықтан оқыту** студенттің өз бетінше оқу ұстанымына негізделетін білім беру процесін жаңаша ұйымдастыру ретінде қарастырылады.

Оқыту ортасы оқушылар оқытушыдан кеңістікте және (немесе) уақыт аралығында көбіне (жиірек – тіпті) алшақ болуымен сипатталады. Сонымен бірге олардың кез келген уақытта теле- коммуникация құралдары арқылы диалог құру мүмкіндігі бар.

Басқа авторлар қашықтан оқытуды *оқу материалының басым бөлігін білім алушыларға жеткізуді қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялар жиынтығы, оқыту процесінде білім алушы мен оқытушының интерактивті өзара әрекет етуі, студенттерге зерттелетін материалды меңгеру жұмысын өзіне дербес жүргізу мүмкіндігін беру, сондай-ақ «жүзбе-жүз» оқыту процесінде де сондай мүмкіндік беру* ретінде сипаттайды. Бұлардан өзге авторлар қашықтан оқытуды *ақпараттық технологияларды қолдану, дербес компьютерлерді, бейне, аудио – техника, зарыштық және оптоволокондық техника мен технологияны пайдалану қамтамасыз етілетін сырттай оқытудың жаңа сатысы* ретінде анықтайды. АҚШ Қашықтан оқыту қауымдастығындағы әріптестеріміздің де анықтамасын келтіре кетейік. Сөзбе-сөз аударғанда ол *қашықтан оқыту технологиялары мен басқа да оқыту формаларын қамтитын оқыту мен ақпарат арқылы білім және білікке қол жеткізу* деп аударылады.

Берілген анықтамалар негізінен дидактикалық жүйенің бөлігін (оқыту құралдары және сабақты өткізудің ұйымдық формаларының ерекшеліктерін) сипаттауға саяды. Олардың барлығы осы сан қырлы құбылыстың кейбір жақтарын немесе біреуін ғана сипаттайды. Бұл жерде дәстүрлі ақпараттық технологиялар (баспа басылымдары) тіптен қолданылмайды, ал оқу кезінде оқытушы мен тыңдаушы арасында тілдесу болмайды деген түсінік қалыптасуы мүмкін. Дегенмен білім беру процесінің қатысушылары аумақ тұрғысынан бір-бірінен елеулі қашықтықпен бөлінбеген жағдайлар (бір қалада, ауданда тұрады) да көп, бірақ олар жұмыстары, өмір сүру қарқыны мен кестелерінің асинхрондылығы (уақыттарының сәйкес келмеуі) себебінен өзара әрекет ете алмайды.

Осы ойлардың барлығынан қашықтан оқытуды *оқытушы мен білім алушылардың, олардың кеңістікте және уақыт шеңберіне байланысты инвариантты, дидактикалық жүйеде іске асырылатын өзара және оқыту құралдарымен интерактивті өзара әрекет етулерінің мақсатты бағытталған ұйымдастырылған процесі* деп анықтауға болады. **«Қашықтан оқытудың»** бұл анықтамасында **дидактикалық жүйе** (педагогикалық жүйе ретінде жиі қолданылады) негізгі ұғымының берілуімен ерекшеленеді.

Қашықтан білім беру ұғымын қарастырайық. Осы терминді түсіндіру кезінде де бірыңғай пікір жоқ.

Дегенмен бірінші кезекте **«білім беру»** ұғымын түсіндіруге жүгінейік. Бұл ұғым бойынша да бірыңғай пікір жоқ. Аталмыш категорияның қалыптасу және даму мәселесін зерттеу Жоғары білім Ғылыми зерттеу институтында (ЖБ ҒЗИ) жүргізілді. Зерттеу нәтижесі бұл мәселенің маңыздылығы мен күрделілігін көрсетті, соның ішінде оқыту және білім ұғымдарын «көбейтіп жіберу» деңгейінің өзінде күрделілік бар екені анықталды.

«Білім беру» ұғымының барынша кең таралған анықтамасы: *«...білім алушылардың мемлекет белгілеген деңгейге (білім цензі) жетуін растаумен жүретін жеке тұлға, қоғам, мемлекет мүддесінде оқыту және тәрбиелеуге мақсатты бағытталған процесі. Білім алу – тиісті құжаттармен куәландырылатын, білім цензіне жету және оны растау»*. Бұл жерде білім берудің тәрбиелік аспектісі ерекше аталады.

Дегенмен Ю.Г. Фокин анықтамасын басқаларынан артығырақ көреміз. Білім беру оның ойынша, бұл – *«...индивидтің өзі таңдаған қоғамдық тәжірибе және қоғамның индивид дамуының белгілі бір деңгейі ретінде танылатын саласында қызмет етуін табысты жүзеге асыру үшін қажетті адамзаттың объективті тәжірибесінің элементтер жүйесін меңгеруіне бағытталған оқыту, әлеуметтендіру, және дамыту жүйесі»*. Сонымен бірге автор әлеуметтану ретінде құндылықтар жүйесін, әлеуметтік маңызы бар нанымдар мен нұсқаулықтарды, белгілі бір қоғамда (социумда) табысқа қол жеткізу үшін қажетті тұлғаның моральдік қасиеттері, құндылықтарды бағдарлаушы идеалды сапалы және сандық тұрғыдан өзгертуді нұсқайды.

Ақпараттық-білім беру ортасы ретінде пайдаланушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағдарланған деректерді табыстау құралдары, ақпараттық ресурстар, өзара әрекет ету хаттамалары, аппараттық-бағдарламалық және ұйымдық-әдістемелік қамтамасыз етудің жүйелі-ұйымдасқан жиынтығы ретінде, ал білім беру қызметтерін – мемлекеттік білім стандарттары шеңберінде және қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқыту ретінде түсінетін болсақ, онда бұл анықтама қашықтан ақпарат алмасудың техникалық құралдарына (жерсеріктік теледидар және т.б.) акцент қойылмаса түсініктік-құқықтық тұрғыдан әбден келісуге боларлық.

ҚО ерекшелігі оқу ақпаратын ұсыну және онымен алмасу тек жаңа ақпараттық технологиялар (компьютер, телекоммуникациялар және

т.б.) көмегімен жүзеге асырылатыны емес, ҚО-ның *дидактикалық жүйенің барлық элементтерін өзгертетінінде*.

Осылайша **қашықтан білім беру** – қашықтан оқыту процесі іске асырылып, индивидуумның білім цензіне жету және оны растау жүзеге асырылатын жүйе деп есептеуге болады.

Жиі кездесетін: **қашықтан оқыту** және **дистантты оқыту** терминдерін қолдану кезінде де түсініспеушіліктер туындайды. Олар distance және distant ағылшын сөздерінің сөзбе-сөз орысша аудармасы болып табылады. Олар мағынасы жағынан теңбе-тең, дегенмен іс жүзінде *дистантты емес дистанциялық (қашықты)* термині жиірек қолданылады.

Тағы бір ескерту жасап өтейік. Біздің ойымызша, «оқыту формасы» терминін қолдану қате болып табылады. Әсіресе оның нормативтік-құқықтық құжаттарда қолданылуы. Дидактикада оқытудың ұйымдық формалары ретінде әдетте сабақ түрлері ұсынылады: дәріс, семинар, кеңес беру, емтихандар және т.б. Сондықтан нормативтік-құқықтық құжаттарда, мысалы, «...оқыту формалары – күндізгі, қашықтан...» сөз тіркесін емес «білім алу формалары» (күндізгі, қашықтан) сөз тіркесін қолдану абзал.

Осылайша **ҚО** үздіксіз кәсіби білім беру жүйесінде басқа форма-лармен қатар тиімді қолданылуы мүмкін білім берудің айрықша форма-масы болып табылады.

Қашықтан оқыту жүйесінің құрылымын және даму бағытын түсіну үшін кейбір анықтамаларды қарастырайық.

Көпшілікке «қашықтан оқыту», «электронды оқыту», «e-learning», «компьютерлік технологияларды қолдану арқылы оқыту», «қашық-тан білім беру технологиялары», «желілік оқыту» (білім беру бағдарла-маларын іске асырудың желілік формасы), «виртуалды оқыту» және т.б. ұғымдар таныс.

Бір жағынан, бұл түсініктер ұқсас, олар бір құбылыс – білім беру процесіне ақпараттық-коммуникациялық мүмкіндіктердің қосылуы туралы түсінік береді.

Екінші жағынан, анықтамаларда айырмашылық бар, талдау көрсеткендей аталмыш ұғымдарға бірдей мағына беріле бермейді.

Электронды оқыту, қашықтан білім беру технологиялары және т.б. түсініктер тізбесін жиі кездестіретініміз де елеулі факт болып табы-лады. Осы ұғымдар бір-біріне барабар ма, олардың айырмашылығы бар ма, бір-бірін алмастыра ала ма, оларды біріктіруге бола ма? Осыны жете түсініп алайық.

Қашықтан оқыту. «Қашықтан оқыту» термині (осы тізбектегілердің алғашқысы) Висконсин штатының университетінде сырттай оқытылатын (корреспонденттік) курстар каталогында 1892 ж. бастап қолданылды. Қашықтан оқыту ретінде – қашықтан ұйымдастырылған оқыту берілді («корреспонденттік оқыту», «үйден оқыту» және т.б. бұған синоним болып есептелді).

Қашықтан білім беру технологиялары – оқушы мен педагогтың өзара әрекет етуі кезінде телекоммуникациялық және ақпараттық технологияларды қолданумен жүзеге асырылатын білім беру технологиялары.

Оқушы (мысалы, ауырғанына байланысты) сабақта болмай, мұғаліммен электронды пошта, арқылы тілдесіп, тапсырмаларды орындауы немесе мұғалім сабақтан тыс уақытта блог немесе сайт арқылы оқушыларға кеңес беру қашықтан білім беру технологияларын пайдалану мысалы болып табылады.

Қашықтан білім беру технологиялары күндізгі, сырттай, күндізгі-сырттай оқыту формаларында; экстернат; оқытудың белгілі бір кезеңдерінде; негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру барысында қолданылуы мүмкін.

Қазақстандағы қашықтан оқыту іргетасын қалаушы мамандар байланыс әдісін нақты көрсетпейді, тек ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар құралдарын атап өтеді. Яғни бұл электронды пошта арқылы хат алмасу да, жеке сайт/блогтар арқылы өзара әрекет ету және әртүрлі электронды ресурстар көмегімен материалдарды зерделеу де және т.б. болуы мүмкін.

Осылайша локалды түрде орнатылған бағдарламалар мен тренажер арқылы оқыту қашықтан білім беру технологияларына жатады, дегенмен соңғысы қашықтан оқытуға тікелей қатысы жоқ шығар деп ойлауға болады. Кейде қашықтан оқытудың ескірген технологияларына ақпараттық-коммуникациялық желілерді қолданбай өзара әрекет етуді де жатқызады (телерадиотарату, телефония құралдары, материалдарды пошта арқылы жөнелту).

Электронды оқыту. Электронды оқыту оқытудың барлық процестері қандай да бір электронды ақпараттық-білім беру ортасында орын алатын оқу және оқыту қызметін қарастырады.

Электронды оқыту білім базасының болуын талап етеді. Электронды оқытуды жүзеге асыру үшін электронды білім беру ресурстарына қол жеткізу жүзеге асырылатын және білім алушының

педагогикалық қызметкермен өзара әрекет етуі ұйымдастырылатын виртуалды кеңістік жасалуы тиіс.

Сонымен «электронды оқыту» және «қашықтан білім беру технологиялары» ұғымдарының мағынасы бірдей емес және олар бөлек қолданылады. Тек қана электронды оқытуды жүзеге асыру кезінде қашықтан білім беру технологияларын қолдану қажетті болып табылады.

Отандық білім берудің ресми болмаса да тағы бір термині – ***e-learning*** (electronic learning қысқартылған түрі) көптен бері қалыптасты. Шетел тәжірибесінде бұл термин ХХ ғасырдың соңында пайда болып, қашықтан және дәстүрлі оқытудың бірігуінің нәтижесі ретінде қолданылады. Қазақстанда аталмыш термин бүгінгі таңда заманауи ақпараттық технологиялар және Интернетті пайдалану арқылы оқытуды білдіреді.

E-learning ашық білім беруді дамытудың болашағы бар бағыты болып табылады; оның ұраны – «кез келген уақытта, кез келген жерде». Көріп тұрғанымыздай Қазақстанда «e-learning» мен «электронды оқыту» бірдей ұғымдар болып табылмайды, elearning – бұл ресми дерекөздерде кездеспейтін жалпы қабылданған термин.

Электронды және қашықтан оқытуда қолданылатын ұғымдар.

Білім базасы – белгілі бір пән саласына қатысы бар ұғымдар, ережелер мен фактілердің жүйеленген жиынтығын сақтайтын арнайы түрде ұйымдастырылған бір немесе бірнеше файл.

Виртуалды білім беру ортасы – оқыту жүйесінің барлық қатысушыларының білім беру мақсаттарына және үздіксіз біліктілікті көтеру үшін қолданылатын және қалыптастырылатын жаһандық, корпоративтік, локалдық және компьютерлік желілердің ақпараттың мазмұны және телекоммуникациялық мүмкіндіктер, білім беру субъектілерінің жиынтығы.

Виртуалды оқыту – өзара әрекет ету барысында белгілі бір субъектілер мен объектілер ерекшелігі мен мазмұнын анықтайтын виртуалды білім беру ортасында білім беру субъектілері мен объектілерінің коммуникативті өзара әрекет ету процесі және нәтижесі.

Онлайн-оқыту (синхронды өзара әрекет ету) – сабақтар Интернетті қолданып, нақты уақыт режимінде өткізілетін білім беру қызметінің түрі.

Офлайн-оқыту (асинхронды өзара әрекет ету) – Интернетті өшіріп, Желіден тыс кейінге қалдырылған уақытта жүзеге асырылатын білім беру қызметінің түрі.

Ашық білім беру – оқушылардың тұрғылықты жеріне байланыссыз бір/бірнеше оқу орнында оқыту формасын, бағдарламасын, оқытушыны таңдау мүмкіндігі қарастырылған білім беру жүйесі. Ашық білім беру мақсатты бағытталған, бақылау жасалатын оқушының өз бетінше жұмысын, жеке жоспары бойынша өмір бойы оқу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, бүкіл әлемдік қауымдастықтың ақпараттық ресурстарына қол жеткізуге жол береді. Қашықтан оқыту ашық білім берудің негізгі технологиясы болып табылады.

Төңкерілген сынып – білім алушы электронды ақпараттық-білім беру ортасында теориялық материалдармен алдын ала өзі жұмыс жасауына байланысты дәріс сабақтары (мысалы, мұғалімнің қашықтан қолдауымен үйден) практикалық сабақтарға (сыныпта немесе мұғаліммен онлайн режимде қашықтан) алмастырылатын оқытуды ұйымдастыру технологиясы.

Желілік оқыту немесе білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың желілік формасы оқушылардың білім беру қызметін жүзеге асыратын, соның ішінде шетелдік бірнеше ұйымның ресурстарын пайдаланумен, сондай-ақ қажет болған кезде басқа да ұйымдардың ресурстарын пайдаланумен меңгеру мүмкіндігін қарастырады.

Оқытуды басқару жүйесі – электронды оқытуға байланысты әкімшілік және техникалық процестерді қамтамасыз етуге арналған ақпараттық жүйе.

Аралас оқыту – қашықтан білім беру технологиялары және дәстүрлі оқыту қатар қолданылатын оқу процесін ұйымдастыру технологиясы.

Электронды дидактика – виртуалды білім беру ортасында оқыту теориясы.

Электронды ақпараттық-білім беру ортасы – технологиялық құралдарға сәйкес келетін және оқушылардың білім беру бағдарламаларын игеруін қамтамасыз ететін электронды ақпараттық ресурстар, электронды білім беру ресурстары, телекоммуникациялық және ақпараттық технологиялар жиынтығын қамтитын орта.

Осылайша электронды оқыту білім базасы, электронды орта және желілердің болуын талап етеді, ал қашықтан білім беру технологиялары оқушы мен мұғалімнің қашықтан өзара әрекет етуін білдіреді. Деректер базаларын пайдалану және электронды ақпараттық-білім беру ортасын қалыптастыру бұндай өзара әрекет етуді жүзеге асыру үшін қосымша толықтыру болады.

1.3 Қашықтан оқытудың дидактикалық жүйесі

Дәстүрлі білім беру процесінде жүргізілетін дәстүрлі дидактикалық жүйе жеті элементтен тұрады: оқыту мақсаты, оқыту мазмұны, білім алушылар, оқытушылар, оқыту әдістері, құралдары және формалары, осының барлығы процесті зерттеу және әзірлеуді толық педагогикалық құбылыс ретінде жүргізуге мүмкіндік береді.

Қашықтан оқыту (ҚО) процестері ерекшеліктерін талдау оқыту жүргізілетін дидактикалық жүйе *12 элементті* қамтитынын көрсетеді, қосымша қосылған элементтерді біз нормативті-құқықтық, қаржы-экономикалық, сәйкестендіру-бақылау және маркетингтік деп анықтадық. Сөзсіз бұл жүйе ішіндегі жүйелер анық формада детальданудың белгілі бір деңгейімен канондық дидактикалық жүйеде көмескі түрде орын алады, бірақ олардың педагогикалық процестің дұрыс өтуі үшін ҚО кезіндегідей соншалықты маңызды емес.

1-суретте көрсетілген ҚО педагогикалық жүйесінің (ҚОДЖ) элементтеріне ортақ элементтердің ерекшеліктерін атап өтіп, жаңадан енгізілгендеріне көбірек көңіл бөліп сипаттама берейік.

МАҚСАТЫ		ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ
МАЗМҰНЫ	ОҚЫТУШЫЛАР	СӘЙКЕСТЕНДІРУ- БАҚЫЛАУ
ӘДІСТЕР		НОРМАТИВТІК- ҚҰҚЫҚТЫҚ
ҚҰРАЛДАР	БІЛІМ АЛУШЫЛАР	ҚАРЖЫЛАЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ФОРМАЛАР		МАРКЕТИНГІЛІК

1-сурет. ҚО дидактикалық жүйесінің құрылымы

Оқыту мақсаты. Ол маман моделі мен мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес жасалатын білім, біліктер, дағдылар жүйесінен құралған. Мақсаттың иерархиялық құрылымы бар. Осылайша, оқу пәнінің мақсаты маманды даярлау мақсаты элементтерінің бірі ретінде келеді. Тақырыпты зерттеу мақсаты және т.б оқу пәні мақсаттары жүйесінің элементі болып табылады. Мақсат – оқу процесін ұйымдастырудың басы және мазмұнды қажетті деңгейде меңгеру

ретінде түсіндірілуі мүмкін. Бұндай мақсатты жалпы педагогикалық түсіну білім алу формасына инвариантты, яғни ҚО-ға қатысты қолдануға боларлық.

Оқыту мазмұны. Оны әлеуметтік тапсырыстың педагогикалық моделі ретінде анықтауға болады, ал оқыту процесін, оны жүзеге асыру әдістері мен ұйымдастыру формалары оның мазмұнымен анықталады. ҚО барысында мазмұнды іріктеу кезінде жалпыға бірдей ұстанымдар мен ұсынымдарды қолдану дұрыс. Бұндай кезде алыс қашықтықта орналасуы мүмкін және (немесе) өмір сүру кестесінің ерекшеліктері және (немесе) дәстүрлі түрде оқуға физиологиялық мүмкіндігі шектелуі сияқты оқыту объектісі (субъектісіне) қосымша шектеулерді және басқа да себептерді ескеру қажет. Бұған қоса ҚО кезінде барлық мамандықтар бойынша мамандарды даярлауға болмайтын жағдайлар да ескерілуі тиіс.

Білім алушылар. Заң тұрғысынан ҚО жүйесінде білім алушылардың атауы (дәстүрлі білім беру жүйесінде қабылданғандай – тәрбиеленушілер, оқушылар, студенттер) анықталмаған. Оларды жиі тыңдаушылар деп атайды. ҚО кезінде жайлы жерде, ыңғайлы уақытта және ыңғайлы жылдамдықпен өз бетінше жұмыс істеу білім алу процесінің негізін қалайды. Дегенмен тыңдаушыға оқыту моделіне қарай (оқытудың әртүрлі нұсқаларында) оқытушымен де бір-бірімен де тілдесу мүмкіндігі беріледі. Бұл жүзбе-жүз және ҰАТ (электронды пошта, бейнеконференцбайланыс, телефон) құралдары арқылы да жасалуы мүмкін.

ҚО жүйесіндегі оқыту оқытуға деген белгілі бір дайындықтың болуын, яғни білімнің бастапқы деңгейін (білім, біліктердің, дағдылардың белгілі бір базалық жиынтығын) және бұған қоса жұмыс орнының техникалық жабдықталуын талап етеді. Білім алушы жұмыс орнының тиісті материалды-техникалық қамтамасыз етілуі қажет екені айдан анық. ҚО-ға қарсы адамдар бұл фактіні білім алуда қосымша «мүліктік» теңсіздікті жасау мүмкіндігі ретінде атап айтады. Корреспонденттік, тиісті желілік, бағдарламалық және аппараттық ресурстарға қол жеткізе алмайтын білім алушылар контингентіне арналған оқыту материалдарының жинақтарын әзірлеу жүргізілетін оқыту моделін жасау осы кемшіліктерге жол бермеуге көмектеседі.

Оқытушылар. Дәстүрлі оқу процесіндегідей білім беру процесінің жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін басты бөлік **оқытушы** болып табылады. ҚО дидактикалық процесінің елеулі ерекшелігі педагогикалық тәжірибеге оқытушыны белгілеу үшін **«тьютор»**

терминін енгізу қажеттілігін тудырды. Мінсіз түрінде барынша педагогикалық нәтижені технологиялық, ұйымдық, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мүмкіндіктерін көру біліктілігін көрсетуі тиіс. *Тьютор функциясы* ҚОЖ-да қабылданған оқыту моделіне байланысты. Оқу орнының штатты оқытушылары да, қосымша қызмет етуге немесе еңбекті сағаттап төлеу шартында жұмысқа тартылатын басқа мамандық иелері де тьютор бола алады. ҚО жағдайында тыңдаушылардың өз бетінше жұмыс жасауын басқару тьюторлардың басты міндеті болып табылады, бұл олардың келесі функцияларды орындауын талап етеді: ынталандырушы мотивтерді қалыптастыру; мақсат пен міндеттерді қоя білу; білім, тәжірибені табыстау; ұйымдастыру қызметі; тыңдаушылар арасындағы өзара әрекет студі ұйымдастыру; оқыту процесін бақылау. Басқаша айтқанда ол білім беру мекемесінің тыңдаушылармен хат алмасуын толық жүргізіп, олардың оқу кестесін орындауын қадағалайды, оқытушылардың кеңес беруін ұйымдастырады және бұнымен оқыту-көмекші қызметкерлер өкілінің функцияларын іске асырады. Ол жекелеген курстардың формасы мен мазмұны туралы пікірін біліп, оқыту-әдістемелік материалдарды әзірлеушілерге табыстайды, студентке жеке оқу жоспарын құруға және оны өзара байланысты таңдау бойынша оқытылатын пәндермен толықтыруға көмек береді.

ҚО кезіндегі оқытушы функцияларының осындай алуан түрлілігіне және рөлдерінің әртүрлі болуына байланысты шетел тәжірибесінде ҚОЖ-дағы оқытушының кеңейтілген жіктелімі қабылданған, бұл олардың қызмет түрлерін атау үшін қолданылатын арнайы терминдердің енгізілуімен расталады: Оқыту-әдістемелік материалдарды әзірлеуші-оқытушы, Оқыту әдістері бойынша кеңесші (фасилитер), Оқу курстарын интерактивті ұсыну жөніндегі маман (тьютор), оқыту нәтижелерін бақылау әдістері жөніндегі маман (инвигилатор).

Тьютор қызметі ерекшелігінің аз ғана бөлігін қарапайым мысалдармен түсіндіріп өтейік. Дәстүрлі талаптардан басқа, педагогикалық техника тарапынан оқытушыға бірқатар жаңа талаптар, жұмыс ерекшелігіне байланысты жаңа талаптар қойылады. Мысалы, электронды кеңес беруді өткізу үшін ол электронды поштаны пайдалануды білуі және «жазба сөзін» жетік білуі тиіс. Басқа жақтан қарағанда, оқыту ақпаратын есту және көру арқылы қабылдауға арналған педагогикалық сөйлеу техникасын, сондай-ақ бет қимылы, дене қимылын пайдалану біліктілігі қажет емес. Оған қойылатын талаптың бастысы оқыту ақпаратының пассивті көзі болмау, өйткені

оқытушы тек «информатор» рөлінде болса ҚО арнайы әзірленген құралдары оны алмастыра алады

Оқыту әдісі. Дәстүрлі оқытуға да, ҚО үшін де И.Я. Лернер, В.В. Трифионов әзірлеген бес жалпы дидактикалық оқыту әдісі қолданылады, оларды атап айтсақ: ақпараттық-рецептивтік, репродуктивтік, проблемалық баяндау, эвристикалық және зерттеушілік. Олар оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекет етуінің педагогикалық актілерінің толық жиынтығын қамтиды.

Оқыту құралдары.

ҚО білім беру процесінде келесі оқыту құралдары қолданылады:

1. Кітаптар (қағаз түрінде және электронды формада).
2. Желілік оқу материалдары.
3. Дәстүрлі және мультимедиялық нұсқадағы компьютерлік оқыту жүйелері.
4. Аудио оқу-ақпараттық материалдары.
5. Бейне оқу-ақпараттық материалдары.
6. Лабораторлық қашықтан оқыту практикумдары.
7. Тренажерлар.
8. Қашықтан қосылуы бар білім және деректер базасы.
9. Қашықтан қосылуы бар электронды кітапханалар.
10. Сарапшылық оқыту жүйелерінің негізіндегі дидактикалық материалдар.
11. Геоақпараттық жүйе негізіндегі дидактикалық материалдар.

Оқу-материалдық жүйе ішіндегі жүйе. Бұл оқыту-тәрбиелік процесінің мазмұны мен әдістемесіне тығыз байланысты ҚОДЖ-нің маңызды құрамдас бөлігі. Ол оқыту мақсаттарына қатысты бағынышты жағдайда болады. Әлемнің дамыған елдерінің жартығасырлық тәжірибесі білім беру мекемесінің оқыту-материалдық жүйе ішіндегі жүйесін бірізді кеңейту және күрделілендіру білім берудің қалыпты қызмет етуінің, оның экономикалық және әлеуметтік рөлінің артуының бірден бір талабы екенін анық көрсетті.

Дәстүрлі **оқу-материалдық база** (ОМБ) оқу бағдарламаларына сәйкес белгіленген даярлау бағыттары бойынша оқыту үшін қажетті материалдық жағдай, оқыту құралдары және зерттеу объектілері, яғни материалдық және техникалық құралдар кешенін қамтиды. Ол оқыту және көмекші оқыту ғимараттарды; лабораторлық жабдықты, техникалық оқыту құралдарын, оқулықтарды, оқу құралдарын және басқа да оқыту-әдістемелік материалдарды қамтиды. «ОМБ-ның оқыту мазмұнына және дидактикалық жүйеге сәйкес болу» ұстанымын

ерекше атап өту және оның дидактикалық жүйе элементтерінің тізбесіне қосылуы ОМБ маңыздылығын көрсетеді. ҚО маңызды бөлігі ҰАТ құралдарына негізделетіндіктен ҚО-дағы бұл жүйе ішіндегі жүйенің маңызы өсе түседі. Бұған қоса ОМБ құрамы оқыту моделіне тығыз байланысты.

Қаржы-экономикалық жүйе ішіндегі жүйе. ҚО жүйесін қамтитын үлкен адам-шиналық жүйелерді талдау және жобалаудың қазіргі кезеңінде қаржы-экономикалық бағалаусыз мүмкін емес, өйткені білім беру экономикасының заманауи теориясы білімді тауар ретінде қарастырады.

Осы жүйе ішіндегі жүйенің маңыздылығы білім беру қызметтері нарығы жағдайында және қаржыландырудың болмауы өнеркәсіптік кәсіпорын аналогы ретіндегі ҚО білім беру мекемесінің практикалық қызметі білім беру қызметтерін сату және сол арқылы білім беру процесін өткізу және жетілдіруге «ақша табумен» анықталады. Бұдан басқа нарық жағдайындағы әр педагог және әкімгер еңбекті ұйымдастыру және төлеу, білім беру шығындарын қаржыландыру бөлігіндегі білім беру экономикасымен және білім берудің әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау әдістерімен таныс болуы тиіс.

Отандық және шетелдік тәжірибе ҚО-ның экономикалық тиімділігін көрсетті. Дегенмен ҚО-ны экономикалық бағалалау, педагогикалық бағалау сияқты ҚОЖ жобалау кезінде, сондай-ақ білім беру процесінің мониторингі кезінде жасалуы тиіс.

Нормативтік-құқықтық жүйе ішіндегі жүйе. Қоғамның маңызды институты ретінде білім беру саласында құқықтық форма маңыздылығы артуда. Білім беру жүйесін жетілдіру және дамыту барлық білім беру қатынастарын айнадай көрсететін білім туралы заңнаманы жетілдіруге мүмкін емес. Заңнамаға тиісті көңіл бөлінбесе, сірә, барлық жаңашылдық табысқа қол жеткізбейтіні анық. Білім беру мекемелеріндегі (БМ) педагогикалық және еңбек қатынастары қазіргі таңда қолданыстағы заңнамамен, ережелер мен нұсқаулықтармен реттеледі. Егер оларды өзгертпесе, жеңілдетпесе, онда дәстүрлі БМ шеңберіндегі кез келген белсенділік бұзушылық болып бағаланады.

Маркетингілік жүйе ішіндегі жүйе. Маркетинг өркениетті кәсіпкерлік философиясы, нарықтық қатынас қатысушыларының стратегиясы мен тактикасы ретінде белгілі. Білім берудегі нарықтық қатынастардың қатысушылары ретінде БМ және білім беру қызметтерінің нақты тапсырыс берушілері ғана емес, білім сапасы мен

ойын ережелерінің кепілі ретінде, соған қоса мүдделі тарап – тапсырыс беруші және тұтынушы ретіндегі мемлекет те болады.

Білім беру мекемелері «маркетинг нүктесіне», яғни білім беру қызметтер көлемін ұлғайту бұрын басымдықта болған сұранысты теңестіріп, одан орнықты түрде асып түсуін бастаған жағдайға келгендігіне байланысты маркетинг жүйе ішіндегі жүйесін енгізу қажеттілігі пайда болды.

ҚО кезіндегі маркетинг жүйе ішіндегі жүйесі өнеркәсіптік кәсіпорын маркетингісіне тән дәстүрлі функцияларды орындайды, олар үшін бұл жүйе нарыққа, сатып алушыға бағдарланған өнімді өндіру және өткізуді басқару жүйесі болып табылады. Логикалық түрде осы жағдайды ҚО-ға қатысты қарасақ, білім беру қызметтерінің маркетингі білім беру процесін басқару және оның құрамдас бөлігі екенін аңғартады. Бұл жағдайдағы тауар – нормативтік құжаттарда *«мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес оқыту»* деп көрсетілгендей білім беру қызметтері болып табылады. Маркетингілік іс-шаралардың нәтижелілігі тұжырымдаманы уақтылы әзірлеумен анықталады.

Қашықтан оқыту формасының ***дидактикалық ұстанымдары мен ерекшеліктерін қарастырайық.*** Жалпы тәжірибедегі дидактикалық ұстанымдар ретінде оқытудың практикалық жағын сипаттайтын манипуляциялар түрінде көрініс табатын оқыту мақсаттары мен салдары арасындағы тікелей байланысты түсіну қабылданған. Бірінші кезекте оқыту заңдылықтарының дидактикалық процестен айырмашылығы болмауы тиіс, өйткені бұл біртұтас жүйенің өзара байланысты бөліктері болып табылады. Келесі ұстаным теориялық материалдар мен теориялық білімдердің маңызды рөлімен сипатталады. Бұл ұстаным бөлек шығарылады, өйткені теориялық білімдер практикалық біліктерді дамытудың, сол білімді қолданудың іргетасы болып табылады.

Әрине оқытудың білім беру, дамыту және тәрбиелеу функциялары біртұтас болуы тиіс және қашықтан оқытуды ұйымдастыру кезінде де толық жүзеге асырылуы тиіс. Оқушылардың жаңа білім алуына деген оң көзқарасты ынталандыру ұстанымын да ұмытпаған жөн, өйткені жалпы алғанда оқыту нәтижелері осыған байланысты болады. Жұмысқа қатысушылардың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып ұжымдық оқыту жұмыстарын өткізу қажеттілігі. Оқушының абстрактты ойлауын көрнекті құралдармен үйлестіру өте пайдалы. Тек пропорционалды үйлестіру ғана дамуға әкеле алады. Мұғалім

оқушылардың белсенділігі, саналылығын және өз бетінше жұмыс істеуін ынталандыра отырып, әрқашан оқу процесін басқаруы тиіс.

Сонымен қатар оқытудағы жүйелі көзқарасқа деген талаптар негізгі элементтердің бірі болып табылады, материал оқытудың логикалық тізбегін сақтай отырып, бірізділікпен меңгерілуі тиіс. Бұндай кезде жаңа материалды оқушыларға түсінікті формада ұсыну қажет, *оқушылар оқыту мазмұнын толық меңгеруі тиіс деген* ұстанымдардың ішіндегі соңғысына қол жеткізу үшін бұл бір материалды әртүрлі тәсілдермен ұсына білу қажеттілігінің бар екенін көрсетеді.

Жоғарыда аталған ұстанымдарды қарастыра отырып, олардың арасындағы байланысты көруге болады. Осыған байланысты біз оларды негізгі категорияларға бөлеміз:

Бірінші категория: оқытудың негізгі аспектілеріне жауап беретін, оқыту саласындағы ізгілендіру траекториясы бар негізгі ұстанымдар.

Екінші категория: оқыту мақсаттарын, оқыту мазмұнын қалыптастыратын ұстанымдар.

Үшінші категория: білім стандарттарында сипатталған материалдың толық көлемін меңгерудің нәтижелі болу фактілерінің санын ұлғайту үшін таңдалған әдістер мен материалдардың нақты дидактикалық процеске сәйкестігін қалыптастыратын ұстанымдар категориясы. Теориялық мәселелерден басқа оқшауланған ұстаным маңызды мәселе болып қала бермек, ол материалдық-техникалық базаның оқыту мазмұнына толық сәйкестігін талап етеді. Бұл жердегі материалдық-техникалық база ретінде не қарастырылады? Бұл ұғым барлық қажетті техникалық және лабораторлық құралдарды (робототехника жиынтықтары, әртүрлі типтегі проекциялық, демонстрациялық және интерактивті жабдық, аспаптар, құрал-сайман, заттар мен ыдыстардың лабораторлық жиынтықтары және т.б.), тиісті жиһазбен (оқу парталары, демонстрациялық үстелдер, шкафтар, компьютерлік жұмыс орындары болса: арнайы үстелдер, биіктігі реттелетін креслолар және т.б.), тиісті деңгейдегі жарық беру және басқа да құрылғылармен жабдықталған оқу кабинеттерін қамтиды.

1.4 Дәстүрлі және қашықтан оқытудың салыстырмалы талдауы

Жалпы білім беру мектептерінің барлық оқушыларына сапалы білімге тең дәрежеде қол жеткізуді қамтамасыз ету білім беру жүйесін

ақпараттандырудың басты міндеті болып табылады. Бұл мәселе пәндік саласында оқытушылардың практикасында қашықтан оқытуды пайдалану арқылы табысты шешілуі мүмкін.

Алдында айтылып өткендей қашықтан оқыту белгілі бір технологиялардың көмегімен белгілі бір формаларда кез келген басқа оқыту сияқты ұйымдастырылады.

ҚО және дәстүрлі оқыту форматының ерекшеліктерін салыстыру үшін 1-кестені зерттеуді ұсынамыз.

1-кесте. Дәстүрлі және қашықтан оқытуды салыстыру

ДӘСТҮРЛІ ОҚИТУ	ҚАШЫҚТАН ОҚИТУ
1	2
Нақты жағдайға байланысты оқыту процесін бағыттап алатын оқытушының басшылығымен жүргізіледі	Оқыту процесінде туындайтын жағдайлардың алуан түрлілігін қарастырып, көпсалалы болуы мүмкін алдын ала белгіленген бағдарлама басшылығымен жүргізіледі
Көбіне оқытушының жеке тұлғасымен: оқытылатын тақырыпқа қызығушылықты оята білу, оқушылармен еркін әңгімелесуді жүргізу қабілетімен анықталады	Көбіне оқыту бағдарламасы әзірлеушілер жасаған ақапарттың мазмұны мен құрылымымен, сондай-ақ оның интерфейсімен сипатталады
Дәстүрлі оқытуда маңызды рөлге ие ауызша жауап беру кезінде оқушылар өз ойын сауатты тиянақтау және жеткізу дағдысына ие болады	Компьютерге белгіленген уақыт аралығында берілген тақырып бойынша оқушының жауабын жазып, кейін оқытушының да, оқушының да тыңдауына мүмкіндік беретін микрофонға қосылуы мүмкін
Сабақты өткізу формаларының алуан түрі бар: дәрістер, әңгімелесу, топпен жұмыс жасау, семинарлар, өз бетінше жұмыс жасау, практикалық сабақтар, есептеу-графикалық жұмыстар, курстық жобалар және басқалар	Өз бетінше жұмыс жасау басымдырақ, бірақ бұндай кезде білім беру бағдарламасына орнатылған аспаптық құралдар қолданылуы мүмкін, техникалық мүмкіндік болса, белгілі бір дәрежеде семинарлардың аналогы болып табылатын бейне және Chat-конференциялар өткізілуі мүмкін

1	2
Оқыту және тәрбиелеу өзара байланысты. Тәрбиелеу дайын шешімдері жоқ тірі процесс деп түсінсек, оны тек тірі адам тікелей қарым-қатынас кезінде жүргізе алады	Қашықтан оқыту дербестіктің дамуына ықпал жасайды
Оқушының жұмысын бағалау кезінде білім, дағды, біліктер деңгейі ескеріледі. Бірақ бұндай кезде субъективтіліктің елеулі үлесі де бар	Оқушыны бағалау тек білім, дағды, біліктер деңгейімен анықталады. Басқа факторлар әдетте ескерілмейді
Ақпаратты визуалды қабылдау есту арқылы қабылдаудан әлдеқайда сирек қолданылады	Көбіне ақпарат берудің көру каналы қолданылады, бірақ дыбыстық ақпараттың (фразалар, сұрақтар жазбалары, әртүрлі дыбыстық әсерлер, бейнеклиптер) үлесі де үлкен болуы мүмкін
Сабақты ұйымдастыру оқытылатын пәнге деген барынша зейін қоюды қамтамасыз етуі тиіс оқытушы жүргізеді	Қашықтан оқыту өз бетінше жұмыс жасау сабақтың негізгі формасы болып табылатындықтан өзін-өзі ұйымдастырудың жоғары деңгейін талап етеді
Барлық оқушылар өздері үшін үйреншікті жағдайда болады	Осы уақытқа дейін қашықтан оқытуды қабылдамайтын оқушылардың пайызы қандай екені әлі зерттелмеген
Оқыту процесінің тиімділігі оқу әдебиетімен қамтамасыз етілуге тікелей байланысты. Жаңа баспасөз басылымының жаңа редакциясына кететін уақыт жылдармен өлшенеді	Электронды оқу құралында материалды блоктарға бөліп беру негізі салынған. Әр блок оңай жаңартылады, толықтырылады, түзетіледі
Кітаптар, конспектілер ақпараттың басты тасымалдаушылары болып табылады. Ақпарат адам үшін үйреншікті формада берледі, жеңіл оқылады, бірақ құрылымдалуы әлсіз	Мәтін түріндегі ақпаратты экраннан қабылдау баспа бетіндегі және қолдан жазылған ақпаратты қабылдаудан әлдеқайда нашар. Ақпараттың нақты құрылымдалуы, сілтемелер мен көмек берудің дамыған жүйесі, образдық және мағыналық ақпаратты бірге қолданудың теңгерімділігі осы кемшіліктердің орнын толтыратын негізгі факторлар болып табылады

1	2
<p>Педагогикалық процестің негізгі көрсеткіштерін өлшеу үлкен қиындық туғызады: оқыту процесі бойынша деректерді жинау және есепке алу, оларды статистикалық өңдеу, нәтижелерді ұзақ уақыт бойы сақтау, архивтерді талдау жасау үшін қарау және т.с.с. Бұл іс-шараны қатардағы оқытушыға іс жүзінде орындау мүмкін емес</p>	<p>Тест педагогикалық процесс көрсеткіштерінің негізгі көзі болып табылады: бастапқы, аралық және қорытынды тест арқылы бақылау. Компьютерлік тестілердің нәтижесі жақсы өңделеді, бұл барлық негізгі көрсеткіштерді ешбір қиындықсыз алуға мүмкіндік береді. Оқытушы бақылау нәтижелеріне бір сәтте қол жеткізеді, кез келген уақыт аралығындағы бақылау нәтижелерін статистикалық өңдеу мүмкіндігі</p>
<p>Оқыту процесінің барысында оқытушы әртүрлі функциялардың бірқатарын орындайды: оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру, материалды баяндау, меңгеру сапасын бақылау, зерттелетін сұрақтардың басқа сұрақтар және пәндермен және т.б. байланысын көрсету. Аталған жағдайлардың барлығында оқытушы және оқушы педагогикалық процестің «әртүрлі жақтарында» орналасады</p>	<p>Оқытушының негізгі жүктемесі оқыту сабақтарын өткізу кезеңінен материалды оқыту бағдарламалық жасақтамасына толтыру үшін дайындау кезеңіне ауысады. Оқытушы тәлімгер, кеңес беруші ролін атқарады. Оқытушы және оқушы педагогикалық процестің бір жағында орналасады</p>
<p>Сабақты өткізу оқу кестесіне қатаң түрде байланысты. Оқушылар сабақта болмаған жағдайда өткізіп алған материалды қалпына келтіру өте қиын</p>	<p>Оқушы кез келген тақырыпты өз бетінше оңай меңгеріп ала алады. Оқыту бағдарламасы өз бетінше жұмыс жасау оқытудың басты формасы болатындай есептелген</p>
<p>Оқушылардың саны ғимараттың немесе оқу орнының өлшемімен, оқытушылардың санымен және басқа факторлармен шектелген. Сабақты өткізу орны қатаң белгіленген</p>	<p>Оқушылардың саны теориялық тұрғыдан шектелмеген</p>

1	2
Мемлекет пен қоғамның оқыту процесін реттеуін мүмкін етеді	Сапасыз немесе зиян бағдарламалық жасақтаманың бақылаусыз таралып, пайдаланылуына мүмкіндік жасалады. Интернет бұл әсерді күшейте түседі
Бақылаудың бірнеше түрі бар: ауызша сұрау, бақылау жұмысы өздік жұмыс, тестілеу, ауызша немесе жазбаша сынақ, жобаны қорғау және де емтихан	Бақылау және өзін-өзі бақылау бірге қоланылуы мүмкін: бағдарламада аралық тест тапсырмалары және бөлімдер және жалпы пән бойынша қорытынды тест тапсырмалары болуы мүмкін
Көбіне топпен оқыту кең таралған, бірақ жекелеген оқушыларға деген жеке көзқарас та болуы мүмкін. Оқушылардың қабылдау деңгейі әртүрлі болады, бірақ әдетте бірге оқытылады	Жеке оқыту. Тапсырмалар банкінің мөлшері жеткілікті болса көршілес жұмыс орындарындағы тапсырмалар қайталанбауы мүмкін
Белгілі бір мәселені ұсыну қарқыны аудиторияның дайындығына байланысты таңдалады	Әр оқушы өзіне сәйкес келетін материалды оқу қарқынын таңдайды, қажет болған жағдайда ол тақырыпты зерттеуді қайталуы мүмкін
Оқытушы белгілі бір оқушының немесе топтың дайындық деңгейін біліп, тапсырма қиындығының тиісті деңгейін таңдайды	Оқыту бағдарламасы оқушының білім деңгейіне бейімделуі мүмкін. Бейімделу блогына кіру деректері ретінде алдын ала тест арқылы бақылау нәтижелері қызмет етеді

«Дәстүрлі оқыту» ретінде біз мемлекеттік білім беру жүйесінде қолданылатын, педагог жұмысы білім алушыларға білімді және дайын түрдегі әрекет ету тәсілдерін жеткізуге бағдарланған сынып-сабақ арқылы оқыту технологиясын түсінеміз.

ҚО-ны күндізгі және сырттай оқыту формаларымен салыстырудан қашықтан оқытуды күндізгі және сырттай оқытудың дербес компьютерлер, бейне және аудиотехниканы ғарыш және оптоволокондық техниканы пайдалануға негізделген ақпараттық технологиялардың қолданылуы қамтамасыз етілетін жаңа сатысы

ретінде қарастыруға болатынын көруге болады. Ал ҚО-ның сырттай оқытудан айырмашылығы материалдың басым бөлігі автономды түрде емес, педагогпен үнемі тілдесу барысында (телефон және Интернет арқылы кеңес беру, online режимдегі дәрістер мен семинарлар) меңгерілетіндігінде болып келеді.

Сондай-ақ ***ҚО-ның сырттай оқыту формасынан айырмашылықтарына*** келесілерді жатқызуға болады:

- оқытушымен (тьютормен) үнемі байланыста болу, туындаған сұрақтарды әдетте телекоммуникация құралдарының көмегімен жедел түрде онымен талқылау мүмкіндігі;
- кез келген уақытта және курсты оқыту барысында пікір-таластарды, жобалар бойынша бірлесіп жұмыс жасау және топпен жасалатын жұмыстардың басқа түрлерін ұйымдастыру мүмкіндігі топтық жұмыстар (бұндай кезде топ бір жерде тұратын студенттерден, сонымен қатар әртүрлі жерлердегі студенттерден құрылуы мүмкін). Бұндай жағдайда да оқушылар оқытушымен (тьютормен) телекоммуникациялар арқылы тілдеседі;

Қашықтан оқытудың күндізгі оқыту формасынан басты айырмашылықтарына келесілерді жатқызуға болады:

- тұрғылықты жері немесе жұмыс орны бойынша оқыту, яғни білім беру процесінің бөлінген сипатта болуы;
- ашық білім кезінде толық ашық немесе бақылау нүктелерінің (емтихан тапсыру, оқытушымен жүргізілетін on-line сеанстардың) шектелген санына немесе топтық сабақтарға, сондай-ақ жабдықта (қашықтан болуы да мүмкін) жүргізілетін лабораторлық жұмыстарға байланысты болуы мүмкін оқыту процесінің икемді кестесі;
- оқытушымен (тьютормен) көбіне телекоммуникациялар арқылы жүргізілетін тілдесу. Бұдан басқа ҚО дәстүрлі оқытудан айрықша айырмашылығы ҚО-ның жаңа білім беру ақпараттық ортасын қалыптастырып, оқушы нақты қандай білім, біліктер және дағдылар қажет екенін біліп келетінін атап айтқан жөн. Сонымен қатар ҚО-ның айырмашылығы білім алушылардың қажет білімді дамыған ақпараттық ресурстарды (деректер мен білім базалары, компьютерлік, соның ішінде мультимедиа, оқытатын және бақылау жүйелері, бейне- және аудиожазбалар, электронды кітапханалар, сондай-ақ дәстүрлі оқулықтар мен әдістемелік құралдарды) пайдаланып, өз бетінше алу мүмкіндігін айтуға болады.

ҚО-ның дәстүрлі оқытудан айырмашылықтары ішінде ҚО курсының оқытушылары мен тыңдаушылары шешуі тиіс бірқатар типтік **психологиялық-педагогикалық проблемаларды** ерекше бөліп атауға болады:

- оқыту процесінің қатысушылары арасында тұлғааралық байланыстарды орнатуға байланысты туындайтын қиындықтар;
- әріптестікте оқыту кезінде тиімді жұмыс істейтін кіші топтарды қалыптастыру проблемалары;
- оқыту процесін барынша тиімді ұйымдастыру үшін тыңдаушылардың ақпаратты қабылдаудың жеке ерекшеліктерін және оқыту стильдерін анықтау;
- оқыту уәждемесін өзектілендіру және оны белгілі бір деңгейде ұстау;
- қашықтан оқытуға таңдалған әдістеме мен педагогикалық технологияға оқытушы әрекетінің барабарлығы.

Осылайша ҚО күндізгі және сырттай оқытудың құрамдас бөлігі болып табылады, сондай-ақ дербес оқыту формасы ретінде де болуы мүмкін.

Қашықтан оқытудың артықшылықтарына келесілерді жатқызуға болады:

Жеке қарқынмен оқу – оқу жылдамдығын оқушының өзі жеке қажеттіліктері мен жағдайларына байланысты өзі анықтайды.

Еркіндік және икемділік – оқушы сабақтың уақыты, орны мен ұзақтығын өзі дербес жоспарлайды.

Қолжетімділік – білім алушы және білім беру мекемесінің географиялық және уақыт жағдайына тәуелді болмау білім беру қажеттіліктерінде шектелмеуге мүмкіндік береді.

Мобильділік – оқытушы мен білім алушы арасындағы кері байланысты тиімді іске асыру оқыту процесінің табысты болуының басты талаптарының бірі болып табылады.

Технологиялылық – ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың ең жаңа жетістіктерін білім беру процесінде қолдану.

Әлеуметтік тең құқықтылық – білім алушының тұрғылықты жері, денсаулығының жағдайы, таңдаулылығы және материалдық қамтамасыз етілуінен тәуелсіз білім алудағы тең мүмкіндіктер.

Бағдарламаларды әзірлеу – оқыту бағдарламалары мен курстары жақсы әзірленген.

Шығармашылық – білім алушының шығармашылық тұрғыдан өз болмысын көрсету үшін жағдайдың ыңғайлылығы.

Бірақ анық кемшіліктері де бар:

Білім алушылар мен оқытушылар арасындағы тікелей тілдесудің болмауы. Жеке көзқарас және тәрбие беруге байланысты барлық мәселелер қамтылмайды. Білімді эмоциялық түрде қанықтыра түсетін адамның жақын арада болмауы елеулі кемшілік болып табылады.

Жеке-психологиялық жағдайлардың бірқатарының болу қажеттілігі. Қашықтан оқыту үшін қатаң өзіндік тәртіп қажет, ал оның нәтижесі оқушының саналылығы мен дербестігіне тікелей байланысты.

Ақпарат көзіне үнемі қол жеткізу қажеттілігі. Жақсы техникалық жабдықталу қажет: компьютер және Интернетке қосылу.

Әдетте білім алушылар практикалық сабақтардың жетіспеушілігін сезінеді.

Күшті қозғаушы стимул болып табылатын білім алушыларды үнемі бақылаудың болмауы.

Қашықтан білім беруде оқытудың негізі жазбаша түрде өтіледі. Кейбір адамдарға білімін ауызша формада айту мүмкіндігінің болмауы үлкен кедергі болуы мүмкін.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Қандай оқыту түрі қашықтан оқыту деп аталады? ҚО-ның электронды оқытудан айырмашылығы қандай?
2. Қай ұғымның қамту аймағы кеңірек «қашықтан оқыту» немесе «электронды оқыту»? Неге?
3. Ашық білім беру нені қамтамасыз етеді?
4. Виртуалды оқытудың негізгі принциптері?
5. Қашықтан оқытудың өз нұсқаңыздағы анықтамасын ұсыныңыз және өз ойыңызды дәлелдеңіз.
6. ҚО дидактикалық жүйесінің негізгі элементтерін атап өтіп, сипаттаңыз.
7. ҚО ерекшеліктерінің қайсысын жағымды, ал қайсыларын жағымсыз деп айтар едіңіз?
8. «Электронды дидактика» ұғымына анықтама беріңіз.

Шығармашылық тапсырмалар:

1. Термин мен анықтаманы сәйкес келтіріңдер:

Қашықтан оқыту	оқытушы және білім алушы өзара әрекет ететін екіжақты процесс, оның барысында оқытушы мен оқу субъектісінің бірлескен қызметі ретінде жоспарлы және мақсатты түрде адамға білім беру, оны тәрбиелеу және дамыту жүзеге асырылады; оларда білім, біліктер, дағдыларды, болашақ кәсіби немесе оқу қызметі дүниетанымының элементтері қалыптастырылады
Электронды оқыту	білім алушыға оқу материалының көп бөлігі және оқытушымен өзара әрекет етудің негізгі бөлігі заманауи ақпараттық технологияларды: интернет, компьютерлік телекоммуникациялар, ұлттық және кабельдік теледидар, мультимедиа, білім беру жүйелерін пайдалану арқылы жүргізілетін оқыту
Дәстүрлі оқыту	оқу және оқыту қызметін, қандай да бір электронды ақпараттық-білім беру ортасында орын алатын оқытудың барлық процестерін қарастырады

2. Күндізгі, сырттай және қашықтан оқытуға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешенінің жоспарын құрыңыз. Осы жоспарлар құрылымын салыстырыңыз, олардың айырмашылығы қандай? Оқу-әдістемелік кешеніндегі айырмашылықтар неге қажет?

Баяндама және реферат тақырыптары:

1. Қазақстандағы қашықтан оқытудың даму тарихы.
2. Мектепте қашықтан оқыту проблемалары.
3. COVID-19 пандемиясының Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне тигізетін әсері.
4. Әлемдегі қашықтан білім беру: елдердің заманауи тәжірибесі.

Ұсынылатын әдебиет:

1. Щадная М.Ан. Дистанционное обучение в современной реальности // Наука, техника и образование. 2020. №5 (69). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/distantsionnoe-obuchenie-v-sovremenn>.
2. Шатуновский В.Л., Шатуновская Ел. А. Ещё раз о дистанционном обучении (организация и обеспечение дистанционного обучения) // Вестник науки и образования. 2020. – №9-1 (87). URL: <https://cyberleninka.ru/article>.

2. БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

2.1 Қашықтан оқытуға арналған, интерактивті, белсенді технологиялар

«Технология» ұғымы әдетте өнімді шығару кезінде шикізат, материал немесе жартылай дайын өнімді өңдеу, жасау, күйін, қасиеттерін, формасын өзгерту әдістерімен ұштасқан өнер, шеберлік, ептілік деп қабылданады. Технология мәселесі бастапқыда тек материалдық құндылықтарды өндірумен байланысты болды. Өткен ғасырда ірі өнеркәсіп пен машина өндірісінің дамуымен бұл процесті жеке элементтерге, операцияларға және кезеңдерге бөлу қажет болды. Өнеркәсіптік өндірістің күрделене түсуі ғылыми кеңестерді саналы түрде практикалық мақсаттарда пайдалануды талап етті және бұл міндетті технологиялар өз мойнына алды. Уақыт өте келе «технология» термині адам қызметінің басқа салаларында кеңінен қолданыла бастады, яғни кең философиялық түсініктемеге ие болды.

Э. Де Бононың нақышты сөзі бойынша *технология – білімді пайдалану негізінде пайдалы нәрсе өндіру процесі, ал технологияның негізгі қызметі – теорияны тәжірибеге енгізу*. Осылайша, технология «процессуалдық» мағынада қалай және қандай тәсілдермен жасауға болады деген сұрақтарға жауап береді және бұл сұрақтардың алдында «не алу керектігін» көрсететін мақсаттың нақты анықтауы тұрады.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдай әлеуметтік мұраның нәтижесінде интуиция, өткен тәжірибе деңгейінде емес, заманауи ғылыми деректер, әлеуметтік кеңістікті технологияландыру мен ақпараттандырудың берік негізінде әлеуметтік ақпаратты беруді қамтамасыз ететін ғылымды қажетсінетін әлеуметтік технологияларды дамытуды талап етеді.

Кез келген технологияның мәні мен мақсаты – басқару процесін оңтайландыру, одан әлеуметтік нәтиже алу үшін қажет емес барлық әрекеттер мен операциялар түрлерін алып тастау. Технологияларды пайдалану – бұл басқару шығындарын азайтуға және басқару әсерінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін негізгі ресурс. Әлеуметтік өмірді технологияландырудың белсенді процесі ғылыми-техникалық, ақпараттық және басқарушылық революциялармен байланысты, бұл кезде қоғам басымдықтарды тек технологиялық прогресс жолында ғана емес, сонымен қатар нарықтың әлеуметтік бағыты, адами ре-

сурсты дұрыс пайдалану, зияткерлік меншікті дамыту және қорғау негізінде іздей бастады.

Оқыту технологиялары (ОТ) әлеуметтік технологиялардың құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені олар әлеуметтік жүйе болып табылатын білім беру жүйесінде кездеседі. ТО ұғымы педагогикада жаңалық емес. Оқыту тәжірибесінде келесі терминдер де қолданылады: «білім беру технологиялары», «оқытудағы технологиялар», «білім берудегі технологиялар».

«Қашықтан оқыту технологиясы» (ҚОҚТ) ұғымының мазмұнын анықтамас бұрын дәстүрлі білім беру процесіне қолданылатын «оқыту технологиясы» ұғымының көп таралған түсіндірмелерін қарастырамыз.


Сонымен, Ф. Янушкевичтің анықтамасы бойынша **оқыту технологиясы** – *оқытудың заманауи әдістері мен құралдарын қолдану барысында маманды мүмкіндігінше қысқа мерзімде күш пен құралдардың оңтайлы шығындарымен даярлауды қамтамасыз ететін нұсқаулар жүйесі.*

Венгр ғалым-педагогі Ласло-Салаи **оқыту технологиясын** *«жоспарлау, мақсаттарды талдау, оқу-тәрбиелеу процесін ғылыми ұйымдастыру, оқытудың тиімділігін арттыру үшін мақсат пен мазмұнға барынша сәйкес келетін әдістерді, құралдар мен материалдарды таңдауды қамтитын жалпылама түсінік»* деп анықтады.

Э.Н. Коротков **оқыту технологиясының** келесі анықтамасын тұжырымдайды: *Бір жағынан оқыту технологиясы – бұл нақты анықталған дидактикалық мақсаттардың егжей-тегжейлі дәйектілігі негізінде оқыту процесін жобалау және ұйымдастыру жолдары туралы жүйелі, тұтас білім. Екінші жағынан, оқыту технологиясы – бұл оқытудың мақсаты, мазмұны, әдістері, құралдары, формалары, білім беру мен оқыту қызметін бақылау, бағалау және түзету жүйесі арасындағы өзара байланыстың барлық жүйесі құрастырылатын және іске асырылатын ғылыми ұйымдастырылған, уақытқа негізделген оқыту рәсімі.*

«**Қашықтан оқыту технологиясы**» (ҚОҚТ) түсінігін анықтаудағы бастапқы нүкте ретінде А.Я. Савельевтің оқыту технологиясы ұғымының түсіндірмесін қолданамыз. Оның пікірінше, *«оқыту технологиялары – бұл алға қойылған мақсаттарға тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту формалары, әдістері мен құралдарының жүйесін білдіретін оқу жоспарларында қарастырылған оқыту мазмұнын іске асыру тәсілі».*

Қашықтан оқыту технологиясы екі формада болуы мүмкін (2-сурет).



2-сурет. ҚБТ формалары

Қашықтан оқыту технологиясын, демек, білім беру тәжірибесінде іске асыру үшін ұсынылған ғылыми негізделген нұсқамалар жүйесі ретінде қарастыруға болады. ҚО технологиясының элементтері білім берудің белгіленген мазмұнын жүзеге асырудың өзара байланысты әдістері, құралдары мен формалары болуы керек.

Қашықтан оқыту салыстырмалы түрде жақында пайда болды және дәл осы жаңашылдықтың арқасында әлемдегі түрлі білім беру мекемелерінде жинақталған ең үздік әдістемелік тәжірибеге – заманауи білім беру мен қоғамның қажеттіліктеріне жауап беретін заманауи және жоғары тиімді педагогикалық технологияларды қолдануға бағытталған. «Әдістемелік» еркіндік пен тәуелсіздіктің көбірек болуының арқасында қашықтан өткізілетін курстар дәстүрлі, онжылдықтар бойы қалыптасқан университет немесе мектеп білімімен салыстырғанда оқытудың инновациялық тәсілдеріне негізделген. Бірақ мұнда күрделілік те бар – оқытудың жаңа технологияларына негізделген қашықтан өткізілетін курстар дәстүрлі білім берудің құрылымы мен бағдарламаларына «сәйкес келмейді». Осындай дәстүрлі және инновациялық курстарды біріктіру кезінде оларды әзірлеушілер қолданыстағы бағдарламаларды өзгертуі, оқытушыларды қосымша оқытуы керек және т.б.

Қашықтан оқыту үшін қызығушылық тудыратын **педагогикалық технологиялардың** қатарына оқушылардың топтық жұмысына, ынтымақтастықта оқытуға, белсенді таным процесіне, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасауға бағытталған технологиялар кіреді. Дәл осы

технологиялар зерттеу, проблемалық әдістерді кеңінен пайдалануды, алған білімді бірлескен немесе жеке қызметте қолдануды, тәуелсіз сын тұрғысынан ойлауды ғана емес, қарым-қатынас мәдениетін, бірлескен қызметте әртүрлі әлеуметтік рөлдерді орындай алу қабілетін дамытуды көздейді.

Қашықтан білім беру технологиялары деп көбіне негізі оқушы мен педагогикалық қызметкердің жанама (қашықтықта) немесе толығымен жанама емес өзара әрекет етуінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылатын білім беру технологиялары түсіндіріледі.

Қашықтан оқыту формалары:

– *Қашықтан өткізілетін эвристикалық олимпиадалар.* Мектеп оқушылары мен студенттердің шығармашылық дамуының ең қарқынды, ауқымды және сәтті желілік формасы – қашықтан жүргізілетін эвристикалық олимпиада. Мұндай олимпиадалар жалпы білім берудің барлық пәндері – математика, физика, орыс тілі, шет тілдері және т.б. бойынша өткізіледі. Оларға 1-сыныптан 11-сыныпқа дейінгі он мыңдаған мектеп оқушысы, сондай-ақ он мыңдаған студент қатысады. Эвристикалық олимпиадаларға қатысу арқылы оқушылар мәселелердің жаңа бірімәнді емес шешімдерін шығарады.

– *Шығармашылық түрдегі қашықтан жасалатын жобалар.* Қашықтан оқытудың бұл түріндегі қашықтан білім алушылардың оқудағы өзара әрекеті шығармашылық мәселелерді шешу үшін ұйымдастырылған. Бұл форма оқушылар, студенттер ғылыми жұмыстар мен зерттеулерді жазған кезде өте тиімді. Оқушы, студенттің кеңесшісі немесе ғылыми және техникалық жетекшісі жұмыстың мақсатын қояды және зерттеу міндеттерін анықтайды. Болашақта мұғалімнің қашықтан оқытудың осы формасын дұрыс ұйымдастыруы оқушылардың зерттеушілік қабілеттерінің дамуына әкеледі. Бұған шығармашылық жұмыстарды дайындау және онлайн қорғау да көмектеседі.

– *Оқушылар мен мұғалімдерге арналған қашықтан оқытылатын курстар.* Бұл курстар ұйымдастырушылық және тәжірибелік әдістерге сәйкес өткізіледі. Олардың мақсаты – дәстүрлі және қашықтан оқытудың шығармашылық бағытын дамыту. Шығармашылық ақпараттық технология оқушыларды мұғалімнің нұсқауы немесе тұспалы бойынша ғана емес, сонымен қатар дербес әрекет ету және өздігінен шешім қабылдау мүмкіндігіне тартады.

– *Үздік қашықтан оқытушы, студент, оқушы, мектеп, университет жарыстары.*

– *Телеконференциялар.*

– *Қашықтан оқыту саласындағы ғылыми зерттеулер, мұғалімдердің эксперименттік жұмысын ұйымдастыруда телекоммуникацияларды қолданатын білім беру ұйымдарына көмек, диссертациялар дайындауға көмек, кандидаттарға ғылыми дәрежелер бойынша кеңес беру.*

– *Электронды таратылымның тақырыптық тізімдерін жариялау, электронды оқу журналын жариялауды қамтиды.*

Белгіленген формаларға қоса, қашықтан оқыту:

– оқушылар білімін бағалауды қашықтан бақылау;

– оқушылардың оқытудың осы түріне қол жетімділігін кеңейтуге арналған қосымша факультативтік курстар;

– белгілі курс үшін мұғалімді таңдау;

– білім беру ұйымдарының интегралды өзара іс-қимылын ынталандыру;

– егер мектепте тар шеңберлі мамандар болмаса, шалғайдағы мектептердегі оқушылардың жоғары сапалы білім алуы үшін экстернализация;

– алыстағы білім беру ұйымдарына арналған бейіндік оқыту;

– сырқаттануына байланысты сабақтан қалған немесе дәлелді себептермен ұзақ уақыт сабаққа қатыспаған оқушылар білімдерін толықтыру үшін қашықтан оқыту;

– оқушылар арасындағы байланыс үшін мектептердегі виртуалды коммуникация жүйесін ұйымдастыру;

– ынтымақтастық, бірлесіп жұмыс жасау және оқыту негізін құру арқылы ұйымдастырылуы мүмкін.

Қашықтан білім беру технологияларын білім беру жүйесіне енгізудің мақсаты – оқушылар үшін тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайы мен денсаулық жағдайына қарамастан сапалы білімнің қол жетімділігін қамтамасыз ету.

Қашықтан оқытудың қолданыстағы формалары мен технологияларын талдай отырып, жалпы білім беру ұйымында қашықтан оқытуды ұйымдастыру және енгізу үшін нақты технологияларды және де келесі технологиялардың жекелеген элементтерін: кейс-технология, видео-интерактивті технологиялар және желілік технологияларды қолдануға болады деген қорытындыға келуге болады.

Қашықтан білім беру технологиялары пәндік педагогикада қызметтің когнитивтік, коммуникативтік, әдістемелік және мазмұндық, психологиялық-педагогикалық және техникалық бағыттарында қолданылады.

Қашықтан білім беру технологияларын қолданатын оқушылардың **когнитивтік білім алу қызметі** компьютерлік құралдарды қолдану арқылы белгілі бір пән саласында шығармашылық өнім жасауға бағытталған. Бұл қызметтің негізгі мақсаты – оқушылардың телекоммуникация құралдарын қолдана отырып, шығармашылық өнім жасау қабілетін игеру және дамыту. Оқушылар үшін қашықтан оқыту режимінде танымдық іс-әрекет процесінде жасалған шығармашылық білім беру өнімі электронды конференцияда талқыланған кезде, ҚО қолдану арқылы оқуға қатысушылар үшін білім беру ортасын кеңейтеді, өз өнімдерін пайдаланушылардың кең шеңберіне ұсынуға, қашықтан оқыту пәндерінің шығармашылық өнімдері туралы әртүрлі пікірлерді естуге мүмкіндік береді.

Қашықтан оқытудағы **коммуникативті белсенділік** сипаттамалары әртүрлі субъектілердің қатысуын қамтамасыз ететін қашықтан оқыту субъектілерінің осындай өзара әрекет етуіне бағытталған. Қашықтан өзара әрекет ету объектілерінің ауқымы іс жүзінде сан, географиялық кеңістік немесе уақыт белдеулері бойынша шектелмеген.

Қашықтан оқытудағы **әдістемелік және мазмұндық қызмет** – бұл оқушы қызметінің мазмұны мен оқу процесінің әдістерін қашықтан басқару. Сонымен қатар оқушылардың әдістемелік және мазмұндық іс-әрекеті қашықтан оқытудың ерекшелігі – оқу процесі субъектілерінің арасындағы қашықтыққа байланысты оқушылардың оқу қызметін өз бетінше басқару компонентінің едәуір өсуін көздейді. Бұл оқушылардың қашықтан оқу режиміндегі оқу қызметін өз бетінше басқару қабілетін дамытады. Оқушылардың осындай дағдыларына мыналар жатады: қашықтан оқудың басқа пәндерінің мақсаттарына қатысты жеке мақсаттарды жүзеге асыру; оқу процесінде уақыт пен қашықтық элементтерін үйлестіре отырып, оқу қызметін өз бетінше ұйымдастыра білу; толық және қашықтан оқытуды интеграциялау кезінде білім, дағдылар және қабілеттердің жеке жүйесін құру; екі оқытушымен (күндізгі және қашықтан оқытатын) білім алу қызметін өз бетімен ұйымдастыруды басқару; күндізгі оқуды қашықтан оқу жағдайына көшіру; өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдыларын қашықтан оқу режимінде қолдану; әртүрлі қалалар мен

елдердегі оқушылардың жұмысын сыни талдау және сараптамалық бағалау; оқу нәтижелеріне қол жеткізуді көрсету және оқу қызметін ұйымдастырудағы мәселелер мен оларды шешу жолдарын анықтау.

Қашықтан оқытудағы **психологиялық-педагогикалық қызмет** – бұл қашықтан оқытуды қолдана отырып, жеке тұлғаның жеке қасиеттерін дамыту және жаңа нақты қасиеттерді, кәсіби және жеке қабілеттер мен дағдыларды игеру. Қашықтан білім алушыларда өнім жасаудың әмбебап дағдылары қалыптастыру кезінде, нені оқыту және қандай білім беру керек деген сұраққа жауап беру қажет. Оқушылар сыни ойлауды, жаңа технологияларды түсіну сезімін дамытуға көмектесетін нақты формаларды – веб-мәтіндерді (мысалы, HTML форматында) құрайды.

Қашықтан білім берудегі **техникалық қызмет** компьютерлік бағдарламалармен, интернет-ресурстармен және т.б. жұмыс жасау үшін қажетті дағдыларды үйрете алады. Техникалық қызмет тәуелсіз когнитивтік-өнімді іс-әрекетті тиімді іске асыру үшін қажет. Оқушының білім беру өнімі жұмысының сапасы белгілі нақты дағдылар мен қабілеттерге байланысты. Қашықтан оқу шеңберінде оқушы телекоммуникациялар, ақпараттық жиым, компьютерлік бағдарламалар мен жабдықтарды пайдалануда осы дағдылар мен қабілеттерді игеруі және дамытуы керек.

Қашықтан білім беру технологияларының тиімділігін келесі критерийлер негізінде қашықтан оқытуға тән ерекшеліктер тұрғысынан бағалауға болады:

1. **Икемділік.** Электронды оқыту жүйесі бойынша оқушылар дәрістер, семинарлар немесе зертханалық жұмыстар түріндегі тұрақты сабақтарға қатыспайды, бірақ өздеріне ыңғайлы режимде жұмыс жасайды және сонымен қатар кәсіби қызметпен бірге оқуға болады.
2. **Модульділік.** Электронды оқыту жоспарлары модульдік қағидаға негізделеді, бұл білім алушылардың жеке немесе топтық қажеттіліктерін қанағаттандыратын тәуелсіз модульдер жиынтығынан оқу бағдарламасын құруға мүмкіндік береді.
3. **Экономикалық тиімділік.** Әлемдік білім беру жүйелерін салыстырмалы түрде бағалау электронды оқытудың дәстүрлі білім беру түрлеріне қарағанда шамамен 2 есе арзан екендігін көрсетеді.
4. **Мұғалімнің жаңа рөлі.** Оқытушы оқу процесін үйлестіру, оқытылатын курсты түзету, жеке оқу жоспарын дайындау бо-

йынша кеңес беру, оқу жобаларына басшылық жасау және т.б. сияқты қызметтер жүктеледі.

5. *Білім сапасын мамандандырылған бақылау.* Электронды оқуда бақылау формалары ретінде қашықтан ұйымдастырылған емтихан, сұхбат, тәжірибелік, курстық және жобалық жұмыстар, компьютерлік зияткерлік тестілеу жүйелері қолданылады.
6. *Мамандандырылған технологиялар мен оқыту құралдарын қолдану.* Электронды оқыту технологиясы – белгілі бір білім жиынтығын дербес, бірақ бақыланатын игеру процесінде адаммен өзара әрекет ету әдістері, формалары мен құралдарының жиынтығы.

Ең танымал қашықтан оқыту технологияларындағы жоғарыда аталған критерийлерді салыстырайық (2-кесте).

2-кесте. ҚБТ тиімділігі

Критерийлер	Кейс-технологиялар	Теле-дидар/жерсерік	Интернет-технологиялар
1. Икемділік	бар	жоқ	бар
2. Модульділік	бар	бар	бар
3. Экономикалық тиімділік	ішінара	бар	бар
4. Оқытушының жаңа рөлі	ішінара	жоқ	бар
5. Оқыту сапасын бақылау	ішінара	жоқ	бар
6. Оқыту құралдары мен мамандандырылған технологиялар	жоқ	жоқ	бар

Кейс-технологиялардың икемділігі мен модульділігі бар, бірақ экономикалық тиімділік, оқыту сапасын бақылау және мұғалімнің жаңа рөлі ішінара жүзеге асырылады. Қарастырылып жатқан алты критерийдің ішінен теледидарлық технологиялар тек екеуіне сәйкес келеді – модульділік және экономикалық тиімділік. Интернет-технологиялар ғана тиімділіктің барлық алты критерийіне сай келеді.

Салыстыру мәліметтеріне сүйене отырып, қашықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы электронды оқытуды енгізу кезінде тікелей Интернет-технологияларға назар аударған жөн, өйткені бұл жағдайда тек жергілікті желі (қабықша) ішіндегі мұғалімдер ғана емес,

сонымен қатар барлық қолданушылар да оқу материалдарын қолдана алады.

Internet-технологиялар негізінде қашықтан оқыту жүйесін құру кезінде курстарды құру процесін тиімді ететін, сонымен қатар оқу процесін ұйымдастыруға және оның әкімшілік басқаруды қамтамасыз ететін арнайы бағдарламалық қабықша қолданылады. Ақпараттық-білім беру ортасы (қабықша) пайдаланушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған деректерді беру құралдары, ақпараттық ресурстар, өзара әрекет ету хаттамалары, аппараттық-бағдарламалық және ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етудің жүйелік жиынтығы болып табылады.

2.2 Желілік және кейс-технологиялар

Қашықтан оқыту технологиясы дегеніміз – қашықтан оқу процесін жүргізуді (технологиялық оқыту тұғырнамасын) қамтамасыз ететін оқыту және білім беру рәсімдерін әкімшілендіру әдістері, формалары (оқыту модельдері) мен бағдарламалық-техникалық құралдарының жиынтығы.

Бұл технологиялар тиімділікті арттыру және дәстүрлі сыныптағы оқытуды алмастыру үшін оңай бейімделуі керек.

ҚО технологиялық тұғырнамасы деп біз қашықтан оқыту қызметтерін көрсетуге, соның ішінде білім беру рәсімдерін әкімшілендіруге және оқу процесін қашықтан жүргізуге бағытталған бағдарламалық-техникалық құралдар жиынтығын түсінеміз.

Кейс-технология. Технологиялар дегеніміз – дербес жұмыс режимінде оқып үйрену үшін жеке немесе топтық пайдалану желілері арқылы жіберілетін арнайы формада, яғни «кейсте», жиналған оқу-әдістемелік материалдардың жиынтығы. Егер берілген сабақтың ақпараттық материалын ұсыну барысында оқушының сұрақтары, ескертулері немесе түсіндірмелері пайда болса, онда бұл жағдай тиісті филиалдардағы немесе оқу орталықтарындағы «кеңесші-оқытушылармен» «тікелей», яғни «Skype» бағдарламасы және электронды пошта бойынша хат алмасу арқылы байланысу мүмкіндігін білдіреді.

Телекоммуникациялық технология. Бұл қашықтан оқыту технологиялары теледидарлық дәрістерге негізделген. Айта кету керек, 2012 жылдың ортасындағы мәліметтер бойынша Батыста және ең алдымен АҚШ-та бұл технологияларға сұраныс жоқ, өйткені олар

қазіргі заманғы әлемнің неғұрлым өнімді технологияларынан артта қалады. Алайда әлемнің көптеген елдерінде Американдық «Федералды телекоммуникациялар жөніндегі комиссиямен» және оған ұқсас қазақстандық қызметпен сертификатталған цифрлық теледидар стандартына толық сәйкестікте осы форматтағы оқу курстарын зерттеу, әзірлеу және құру жалғасуда. Қазір WebTV технологиясын қолдану үшін республикалық деңгейдегі жоспарлар мен бағдарламалар дайындалуда, бұл осы форматтағы білім беру бағдарламаларын Интернет арқылы дереу (тікелей) – шағын электронды декодер құрылғысы арқылы үй компьютерімен пайдалануға мүмкіндік береді.

Интернет технологиясы. Осы түрдегі технологиялар қазіргі уақытта қашықтан білім беру саласындағы ең маңызды әзірлемелер болып табылады және «Интернет-технологиялар» жүйелерімен қамтамасыз етілген барлық спектрді қолданады. Бұл жалпы мультимедия саласындағы және, әсіресе, қашықтан білім беру саласындағы ең жаңа және сенімді әзірлемелер. Өздеріңіз білетіндей, Интернет бізге оқу материалдарына толық қол жетімділікті береді, сонымен қатар тыңдаушылар мен оқытушылар арасында интерактивті өзара әрекет етуге мүмкіндік береді. Дәл осы факт жалпы оқу орталығымен және, атап айтқанда, оның кез келген оқытушысымен немесе кеңесшісімен үнемі оң байланыста болуға кепілдік береді.

Бұл «Интернет-технологиялар» қазіргі заманғы қазақстандық қашықтан білім беруде үлкен рөл атқаратындықтан, оларға қысқаша сипаттама беру керек: «Интернет арқылы қашықтан оқыту жүйесін «білім беру апаратын оқушыларға желі бойынша жеткізуді, сондай-ақ нақты тыңдаушының курс шеңберінде алған білімдерін тексеруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бағдарламалық-аппараттық құралдар, әдістемелер мен ұйымдастырушылық шаралар кешені» деп анықтауға болады».

Қазіргі уақытта қашықтан оқытуды ұйымдастыру және жүзеге асыру мәселесі өзекті болып отыр. Қашықтан оқыту жүйесі оқушылардың кейс түрінде берілген әртүрлі баспа және мультимедиялық оқу материалдарын зерделеу бойынша дербес жұмысына негізделеді.

«Кейстердің» оқу материалдары оқушылардың өздік жұмысын көздейтін және ынталандыратын интерактивтілікпен ерекшеленеді. Студенттер өз бетінше оқудан басқа күндізгі нұсқамалық дәрістерге, сонымен қатар семинарлар мен тренингтерге, бетпе-бет кеңес алуға және бақылау іс-шараларына қатысады.

Сонымен оқу кейсі деп біз оқушыға жететін және оқу пәнінің негізгі ережелерін өз бетінше оқып үйрену және бақылау іс-шараларына дайындық бойынша жұмысты ұйымдастыруға арналған оқу-әдістемелік құжаттаманың жиынтығын айтамыз.

Оқу кейсінің студенттердің өзін-өзі ұйымдастыруына және оқу пәнінің мазмұнын өз бетінше зерттеуіне бағытталуы тұрғысынан блоктық құрылымға ие оқу кейсінің инвариантты төрт компонентті құрамын ұсынуға болады: **үйлестіруші блок, ақпараттық блок, тәжірибелік блок және бақылау блогы.**

Кейстің бірінші компоненті студенттерді кейстің оқу материалы құрылымында да, кейс элементтерін зерттеудің кезектілігінде де (теориядан практикаға дейін) бағыттауға арналған үйлестіруші блок.

Үйлестіруші блок пәнді оқып үйренудің белгілі бір алгоритмін беретін оқу жоспарын, әдеби көздердің тізімін (соның ішінде электронды ресурстарға сілтемелермен) және оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы ақпаратты қамтуы мүмкін.

Оқушылардың оқу пәнін меңгеру бойынша өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы мәліметтерді кейстің негізгі материалдарына гиперсілтемелермен толықтырылған, оқу пәнінің мазмұнын оқып үйрену бойынша өзіндік жұмыстың барысын ашатын электронды түрде бастапқы бетте ұсынған жөн.

Оқу кейсінің екінші компоненті **теориялық блок** болып табылады, оған электронды түрде берілген дәрістер курсы, оқу пәні шеңберінде айқындалатын негізгі ұғымдардың түсіндірме сөздігі, сонымен қатар электронды оқулықтар немесе пән бойынша оқу құралдары кіруі мүмкін.

Ақпараттық блок материалдарын Microsoft Word, Microsoft Power Point (электронды презентациялар) электронды қосымшаларында жасалған құжаттар түрінде, сондай-ақ HTML форматында (электронды оқу құралы түрінде) ұсынған жөн. Оқу кейстерін қолдану тәжірибесі мұндай форматтар монитор экранынан қабылдауға да, баспа материалдарын дайындауға да ыңғайлы екенін көрсетеді.

Тәжірибелік блок оқу кейсінің үшінші компоненті болып табылады. Оған пәнді оқу барысында қарастырылатын оқу қызметін өз бетінше жүзеге асыруға және оқу жоспарында көзделген зертханалық және тәжірибелік сабақтарға дайындалуға арналған материалдары кіреді.

Тәжірибелік блокқа арналған материалдар оқу пәнінің мазмұнын өз бетінше зерттеуге арналған тапсырмалар жинағын, өзіндік бақылау

жұмысына арналған тапсырмаларды, сессия барысында жоспарланған зертханалық жұмыстар бойынша материалдар жинағын қамтуы мүмкін.

Тәжірибелік блоктың барлық материалдарын тапсырмаларды орындау бойынша алгоритмделген әдістемелік нұсқаулықтармен және тәжірибелік блок бойынша өзіндік жұмысты орындау нәтижелері ұсынылатын есептер формаларымен толықтырған жөн.

Оқушылар кейсті зерттеп болғаннан кейін орындаған жұмыстарды бақылау жұмысы түрінде құрастыруға болады.

Тәжірибелік блок сонымен қатар курстық жоба оқу жоспарында көзделген болса, пән бойынша курстық жобаны орындау жөніндегі тапсырмалар мен нұсқаулықтарды қамтуы мүмкін. Бұл жағдайда оқу кейсіне курстық жобаны орындау бойынша нұсқаулық кіреді, онда жоба кезеңдерінің нақты белгіленген дәйектілігі, оны безендіруге қойылатын талаптар, анықтамалық материалдар және алынған нәтижелердің мысалдары (типтік сұлбалар, сызбалар, және т.б.) бар.

Бақылау блогы студенттердің оқу пәнін оқу барысында өзін-өзі бақылауына арналған бақылау материалдарын қамтиды. Мұндай материалдар ағымдағы, аралық, қорытынды тест және өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар, сондай-ақ емтихан немесе сынақ классикалық түрде (билеттермен) өткізілген жағдайда қоса берілетін емтихан немесе сынақ сұрақтарының тізімі болуы мүмкін.

Қазіргі әлемге компьютерлік технологиялардың қарқынды дамуы қатты әсер етеді. Қазіргі кездегі қоғамның даму дәуірі жаһандық ақпараттық кеңістіктің дамуымен тығыз байланысты. Қазіргі заманғы компьютерлік технологиялар адам қызметінің барлық салаларына, соның ішінде білім беру жүйесіне де еніп отыр. Бұл аспектілер адамның қазіргі заманғы ақпараттық қоғамдағы тұлға ретінде сапалық дамуының жаңа ережелерін белгілейді. Қазіргі уақытта табысқа жету және еңбек нарығында сұранысқа ие болу үшін адам тек жоғары білімді ғана емес, сонымен қатар үздіксіз білім алуға мүмкіндігі болуы керек. Кез келген қызметті ойдағыдай жүзеге асыру үшін біліктілікті үнемі арттырып отыру қажет, бірақ енді оқуға үлкен қаражат және ең бастысы оны алу үшін уақытты қайдан табу керек деген сұрақ туындайды. Қазіргі заманғы қашықтан оқыту бұл мәселені шешу жолына айналды. Жұмыс істейтін адам оқуды жұмысын тоқтатпай-ақ, өзіне ыңғайлы уақытта жүргізе алады. Қашықтан білім беру оқытудың мерзімі мен қарқынын өзгертіп қана қоймай, конференцияларға үнемі

қатысуға, мамандар мен оқытушылардан онлайн режимде көмек алуға мүмкіндік береді. Мұның бәрі қашықтан білім беруде заманауи желілік технологияларды қолданудың арқасында мүмкін болып отыр.

Қашықтан оқытуда **ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың жиынтығы** қолданылады. Қашықтан оқыту кезінде үздік нәтижелерге қол жеткізу үшін оқушылардың интернетке қол жетімділігі, сонымен қатар білім беру мекемесінің қашықтан білім беру тәжірибесі және сапалы білім беру ресурстарының (сабақ, оқулық және т.б.) болуы маңызды. Қазіргі кезде желілік технологиялардың дамығандығы соншалық, қашықтан білім алу үшін үйде жеке компьютердің болуы және тек үйде немесе кеңседе оқу қажет емес. Қазіргі ұялы телефондар, смартфондар мен планшеттер әрдайым желіде болуға мүмкіндік береді. Бұдан шығатыны адам қай жерде болмасын, ол әрдайым оқытушының дәрістер курсың тыңдай алады, ғылыми конференцияға қатыса алады, пән бойынша онлайн-тестілерден өтіп, түрлі ғылыми жобалар жүргізіп, кеңес ала алады. Сондай-ақ желілік технологиялар білім беру мекемесінің өзіне білім алушыға ыңғайлы психологиялық климаты бар мамандандырылған ақпараттық ортаны құруға мүмкіндік береді.

Интернет-технологиялар дегеніміз – оқушыларға білім беру мекемесінің ақпараттық білім беру ресурстарына қол жетімділікті қамтамасыз ететін жаһандық және жергілікті компьютерлік желілерді пайдалануға негізделген технологиялар. Қашықтан білім беруде желілік технологияларды қолданған кезде, білім беру мекемесінің географиялық қашықтығына және оқушының тұрғылықты жеріне қарамастан, оқу процесін іске асыруға арналған әдістемелік, ұйымдастырушылық, техникалық және бағдарламалық құралдар жиынтығы қалыптасады.

Желілік технологияларды қолдана отырып, қашықтан оқыту формасын іске асыру үшін білім беру мекемесінің алдында келесі міндеттер пайда болады:

1. Бағдарламалық жасақтаманы, электронды кітапханаларды, бейне және аудио материалдарды орналастыру үшін жаһандық Интернет желісіне қосылған сервер болу немесе сыртқы дереккөзді пайдалану, бұнда аутсорсинг қызметтері туралы айтылады (білім беру мекемелері мамандандырылған компания-провайдердің серверлерін пайдаланады).
2. Оқушыларға өздеріне ыңғайлы технологиялармен оқу апаратын алу әдісін таңдауды ұсыну:

- a. *синхронды оқыту жүйелері* – онлайн режиміндегі жүйелер, оқушылар мен оқытушының оқу сабақтарына бір уақытта қатысуын ұсынады. Жиі қолданылатын желілік технологиялар: веб-чаттар, Skype, Telnet, ip-телефония, интерактивті теледидар, NetMeeting телеконференциялары;
 - b. *асинхронды оқыту жүйелері* – оқушының сабақ жоспары мен уақытын өз бетінше таңдауына мүмкіндік беретін оф-флайн жүйелер. Қолданылатын технологиялар: электронды кітапханалар, әртүрлі тасымалдаушылардағы немесе электронды пошта арқылы жіберілген аудио- және бейне материалдар, әртүрлі веб-парақтар, веб-форумдар және т.б.;
 - c. *аралас жүйелер* – жоғарыда аталған жүйелерді қамтиды.
3. Мұқият жасалған жоғары сапалы ақпараттық, қол жетімді, иллюстрацияланған білім беру ресурсының болуы.

Көріп отырғанымыздай қашықтан оқытуда желілік технологиялардың рөлі зор. Желілік технологиялардың қарқынды дамуының арқасында білім беру мекемелеріне кәсіптік білім берудің тиімділігін арттырудың бірегей мүмкіндігі берілді. Қазіргі кезде білім берудің ең заманауи және әмбебап түрі – бұл жаңа желілік технологияларға негізделген қашықтан оқыту.

Осылайша, **қашықтан оқыту** – бұл білім алушылардың бір-бірімен және оқыту құралдарымен интерактивті өзара іс-қимылының мақсатты, ұйымдастырылған процесі, интерактивтілік факторларын, оқыту жүйесінің компоненттерін, нақты білім беру қызметтерін және бастапқы білімді есепке алу принциптерін, оқытуды дараландыруды ескере отырып, олардың кеңістікте және уақытта орналасуына инвариантты (немқұрайлы). Қашықтан білім берудің негізгі технологиялары: интернет-технология, кейс-технология және бейнетехнология болып табылады. Қашықтан оқыту технологияларының болашағы олардың әдістемелік сауатты ұйымдастырылуында тиімділігін дәлелдеген жинақталған тәжірибеге негізделген.

Қашықтан оқыту мақсаттары негізінде қашықтан оқыту параметрлері: материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оқу материалының сапасы, жеке білім беру бағдарламаларының сапасы, білім алушылардың жеке оқу жетістіктерінің сапасы, білім алушылардың өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау жүйесінің сапасы, оқытушылардың біліктілігі және кадрлық қамтамасыз ету іріктелді. Әр параметр үшін деңгейлер мен өлшемдер анықталады.

Өз бетінше дайындалу сұрақтары:

1. Сіздің оқу орныңызда ҚО ұйымдастырудың қандай моделі (немесе модельдер жиынтығы) қолданылады?
2. Оқу процесінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану жағдайында мұғалімнің рөлі қалай өзгереді?
3. Интернеттің ақпараттық және хабар тарату қызметтері арқылы қандай дидактикалық мәселелерді шешуге болады?
4. Мектеп біліміне ҚО ұйымдастырудың қай моделі ең қолайлы? Колледждердің? ЖОО-лардың? Жауабыңызды негіздеңіз.
5. Интернеттің аркасында оқытудың қандай түрлері, сондай-ақ жаңа типтегі оқу орындары пайда болды?
6. ҚО сапасының негізгі параметрлерін атап өтіңіз және сипаттаңыз. Оқу орныңыздағы осы параметрлердің жай-күйін талдаңыз.

Шығармашылық тапсырмалар:

1. Сіздің ойыңызша, Сіз оқып жатқан пәнді оқытуда Интернеттің мультимедиялық мүмкіндіктерін қандай жағдайларда қолданған дұрыс?
2. Қашықтан оқыту процесіне қатысушылардың өзара әрекет етуінің ең тиімді схемасын жасаңыз. Кесте элементтері осындай болуы мүмкін: мұғалім, оқушылар, ата-аналар, тапсырмалар, оқу материалдары, тапсырмаларға жауаптар, бақылау шаралары, кері байланыс.
3. Ұсынылған мәтінді оқыңыз және ҚО ұйымдастырудың қазақ-стандық моделін жетекші халықаралық модельдермен салыстырыңыз:

Қазақстанда 2 миллион 400 мың оқушы онлайн-платформалар арқылы білім алады (2020 жылғы 15 сәуірдегі жағдай бойынша). Білім министрлігінің ақпараты бойынша, 800 мың оқушы бейнесабақтар бойынша білім алуда. Сонымен қатар, егер төртінші тоқсанның басында 6 сәуірде 40 миллион Kundelik пайдалану сессиялары тіркелген, ал 10 сәуір күні жұмада бұл көрсеткіш 203 миллион сессияға дейін өсті, деп хабарлайды Sputnik.

Айта кетейік Daryn.Online платформасында қашықтан оқытудың алғашқы аптасында 18 миллион қарау тіркелді

және 1,5 миллион адам оқытылды. Bilimland жүйесі бес күн ішінде 15 миллион 100 мың қатысу жинады.

Ведомствода сондай-ақ оқудың алғашқы күндерінде Kundelik жүйесін пайдаланушылар тарапынан қиындықтар болғанын растады. Қазіргі уақытта қазақстандық оқушылар төрт ақпарат көзінен білім алуда:

- «Балапан» және «Еларна» телеарналары арқылы;
- «Қазақ радиосы» және «Классика» эфирінде;
- Kundelik, Daryn.Online, Bilimland және Opiq.kz интернет платформалары арқылы;
- шалғай ауылдарда Қазпошта арқылы (<https://profit.kz/news/>).

Баяндама және реферат тақырыптары:

1. Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қашықтан оқыту.
2. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін қашықтан оқыту.
3. Мектептегі қашықтан бақылау іс-шаралары.
4. Колледждегі қашықтан бақылау іс-шаралары.
5. ЖОО-дағы қашықтан бақылау іс-шаралары.
6. Қашықтан оқыту тиімділігінің критерийлері.

Ұсынылатын әдебиет:

1. Вольвак С.Ф., Несвит В.Дм., Кириченко В.Е., Бондарец О.Ан., Нестерец О.Н. Особенности внедрения системы дистанционного образования // Вестник науки и образования. 2018. №2 (38). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-vnedreniy>.
2. Проблемы перехода на дистанционное обучение в Российской Федерации глазами учителей / Д.И. Сапрыкина, А.А. Волохович; Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики», Институт образования. – М.: НИУ ВШЭ, 2020. – 32 с. – 200 экз. – (Факты образования № 4 (29)).

5. ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАҒА ШОЛУ

Қашықтан оқытудың тиімділігі онда қолданылатын технологияға байланысты. Қашықтан оқыту технологиясының мүмкіндіктері мен сипаттамалары қашықтан оқыту жүйесі шеңберінде оқушы мен оқытушының өзара іс-қимылының барынша мүмкін болатын тиімділігін қамтамасыз етуі тиіс. Бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланудағы күрделілігі оқу материалын қабылдауын қиындатады, онымен қоса оқытудағы ақпараттық технологияларды пайдалануды белгілі бір қабылдамауын тудырады.

ҚО курстарын жобалау кезінде гипермәтіндік технологиялар мен мультимедиялық құралдарды пайдалану тиімді. Гиперсілтемелерді қолдану курстың сызықтық емес құрылымына, оқушының бүкіл мәтін бойынша оқу кезінде өз стратегиясы бойынша қозғалу мүмкіндігіне әкеледі. Гипермәтін – материалдың әртүрлі бөліктері арасындағы сілтемелермен жабдықталған «тірі», интерактивті оқу материалын құру мүмкіндігі. Гипермәтіннің мүмкіндіктері мұғалімге материалды логикалық тізбектерге гиперсілтемелермен қосу арқылы көптеген фрагменттерге бөлуге мүмкіндік береді.

Қашықтан оқыту бағдарламалық жасақтамасы, корпоративті оқу желілерінде қолданылатын күрделі Learning Content Management Systems-пен, сондай-ақ қарапайым HTML парақтарында көрсетілген.

Қашықтан оқытуды дұрыс енгізу үшін қажетті, жеке талаптарға сәйкес бағдарламалық жасақтаманы сапалы таңдау қажет.

Әр мұғалім өзі үшін талаптарды өзі анықтайды, оқушыларға арналған әдістеме мен бағдарламалық жасақтаманы таңдайды. Тиісінше егер оқу орнында бағдарламалық өнім болса, онымен жұмыс істеу қажет екенін ескеру қажет.

Оқу құралдарының үлкен санынан келесі кіші топтар таңдалды:

- Learning Content Management Systems (LCMS) – оқу мазмұнын басқару жүйелері;
- Authoring Packages – авторлық бағдарламалық өнімдер;
- Learning Management Systems (LMS) – оқытуды басқару жүйелері;
- Content Management Systems (CMS) – толтыруды басқару жүйелері.

Авторлық бағдарламалық жасақтама өнімдері – бұл әр мұғалімнің жеке-жеке әзірлемелері, олар жеке пәндерді оқыту үшін

қолданылады. Бұл жағдайда мұғалім кез-келген технологияны қолданады (TrainerSoft, Lecture, HTML, PowerPoint) немесе кез-келген әдістемелік құрал жасайды, білім беру өнімін әзірлейді.

Оқытуды басқару жүйелері әдетте көптеген оқушыларды бақылауға арналған. Бұл жүйелердің бір бөлігі әртүрлі оқу орындарында (WebCT, Blackboard, eCollege) пайдалануға бағытталған. Бұл жүйелердің жалпы ерекшелігі – олар оқуды бақылауға және олардың үлгерімі мен сипаттамаларын сақтауға мүмкіндік береді, сайттың әр бөліміне кіру санын, сондай-ақ оқушылардың курстың белгілі бір бөлігін зерттеуге жұмсаған уақытын есептейді. Мұндай оқыту жүйелері әр оқушыға қажетті курстан өту үшін тіркелуге мүмкіндік береді. Әрбір тіркелген оқушыға оқу курстары туралы, қазіргі уақытта қандай оқиғалар болып жатқандығы және қандай материалдар ұсынылуы керек екендігі туралы әртүрлі ақпарат жіберіледі. Қажет болған жағдайда мұғалім оқушыларды топтарға ұйымдастыра алады. Сондай-ақ, нақты уақыттағы білімді тексеру және форум арқылы сөйлесу мүмкіндігі бар.

Мұндағы кемшілік – нақты уақыттағы оқу процесін бақылаудың мүмкін болмауы, сонымен қатар көптеген студенттердің үлгерімін бақылау мүмкін емес. Бұл авторлық әзірлемелер, негізінен, дереу кері байланысы бар сабақтарға арналған және қашықтан оқытуға қарағанда аудиториялық сабақтар мен өзіндік жұмыстар үшін көбірек қажет. Осы әзірлемелердің көпшілігінде маңызды кемшілігі – кері байланыстың және әр оқушымен жеке жұмыстың болмауы.

Қашықтан оқыту курстарының мазмұнын басқару оқу материалдарын электронды түрде әртүрлі форматта орналастыруға мүмкіндік береді. Көбіне бұл жүйеде түйін сөздер арқылы іздеу мүмкіндігі бар білім беру материалдарын қамтитын мәліметтер базасына ие интерфейс бар. Мазмұнды басқару жүйелері әртүрлі курстардағы оқу материалдарының бірдей фрагменттерімен жұмыс істеу қажет курсты бірнеше мұғалімдермен бірлесіп құрған жағдайда керек.

Оқу мазмұны мен оқытуды басқару жүйелері қазіргі уақытта қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін ең перспективалы болып табылады, өйткені оларда алдыңғы екі жүйенің ерекшеліктері бар. Оларға оқушылардың үлкен ағымын басқару кіреді, сонымен қатар мұнда курсты тез және оңай жасап алуға болады, қосымша модульдер бар, бұл оқу мазмұны мен оқытуды басқару жүйелеріне әртүрлі оқу орындарында оқытуды ұйымдастыру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Microsoft Learning Gateway

Бұрын сипатталған барлық талаптарды Microsoft-тың шешімі – Microsoft Learning Gateway (бұдан әрі MLG) қанағаттандырады. Microsoft Learning Gateway шешімі портал түрінде жасалған (онда пошта, жаңалықтар, тапсырмалар, сыныптар тізімі, күнтізбе сияқты компоненттер бар). Бұл портал бірнеше Microsoft серверлерін және олардың нақты функцияларын орындайтын компоненттер жиынтығын біріктіреді. Базалық компоненттерді қосумен бірге оларды стандартты шешімде жасалмаған бірегей функциялардың порталына қосу үшін жеке меншікті әзірлеуге болады.

Серверлік өнімдердің бір серверде де, бірнеше серверде де жұмыс істеу мүмкіндігі бар, бұл оқу орны басшылығының талаптарына және осы өнімді пайдаланатын оқушылар санына байланысты.

Педагогтердің келесі міндеттерді шешу үшін Learning Gateway пайдалану мүмкіндігі бар:

- басқа оқытушылар дайындаған оқу материалдарының бекітілген стандарттарына қол жеткізу;
- оқу процесіне кіретін оқиғаларды жоспарлау үшін күнтізбені пайдалану мүмкіндігі;
- басқа оқытушылармен өзара әрекет ету және қарым-қатынас жасау мүмкіндігі;
- қазірдің өзінде бар, қашықтан оқыту үшін қажетті ресурстарды қарау және өз жұмыс орныңыздан есептік жазбаны пайдалана отырып, жаңа ресурстарды әзірлеу;
- оқушыларға берілген тапсырмаларды автоматты түрде тексеруді жүзеге асыру;
- деректерді қайта енгізбестен әртүрлі оқушы топтарды оқыту үшін біреуін пайдалану.

Оқушылар Learning Gateway-ді келесідей пайдалану мүмкіндігіне ие:

- оқу құралы ретінде әртүрлі материалдарды пайдалану мүмкіндігі: Word құжаттары, PowerPoint презентациялары, HTML файлдары, Flash анимация, аудио және бейне жазбалар және т.б.;
- Learning Gateway серверлерімен желі арқылы қосылған компьютер бар кез келген жерде оқушы барлық қажетті тапсырмаларға немесе оқу материалдарына қол жеткізе алады;
- олар күнтізбені оқу процесінде болып жатқан оқиғаларды, мысалы, оқытушымен желі арқылы сөйлесу, бақылау нүктелерін тапсыру және т.б. көру үшін қолдана алады;

- қазіргі уақытта онлайн режимде оқитын оқушылар мен оқытушылардың тізімдері оқушыға қол жетімді және оларға сұрақтар қоюға болады, сонымен қатар аудио және видео арқылы байланыс жасауға болады.

Ата-аналарға learning Gateway келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

- бала орындаған тапсырмаларды қарау;
- қазіргі уақытта балалары не істеп жатқанын бақылау;
- балаларының үлгерімі және оның одан әрі оқуы бойынша педагогтермен кеңесу;
- бағаларын қадағалау;
- жүйеге енгізілген күнтізбеде балаларына қатысты оқиғаларды қарау.

Бұл ретте ата-аналар басқа балалардың үлгерімі мен оқуы бойынша деректерді қарай алмайды. Learning Gateway функционалының осы тізімдері толық емес, тек базалық мүмкіндіктердің сипаттамасы болып табылатынын ескеру қажет.

LearningSpace

LearningSpace – web-технологияларды қолданады, бұл бірегей бағдарламалық оқыту ортасы, ол шағын топтан бастап бүкіл мектепке немесе неғұрлым кең оқу орнына дейін оқушылардың әртүрлі санын қамтуға мүмкіндік береді. Мұғалімнің оқушылармен өзара әрекет етуін автоматтандыруға негізделген заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, «классикалық» оқытуды біріктіреді. LearningSpace IBM Lotus және Micromedia компаниялары бірлесіп әзірлеген.

LearningSpace – бұл әртүрлі оқу орындары үшін жаңа, толыққанды, икемді қашықтан оқыту платформасы, қашықтан оқытудың үш режимін қолдауға мүмкіндік береді:

- оқушылардың өздері бақылайтын *дербес оқыту* (оқушы қажетті оқу материалдарына қол жеткізе алады және жеке режимде кең мүмкіндіктермен оқу ортасында өз бетінше жұмыс істей алады);
- *асинхронды ұжымдық оқыту* (аудиториялық оқыту сияқты, бірақ уақыт пен орын шектеусіз, оқу құралдарындағы интерактивті мүмкіндіктері, тапсырмалары және әртүрлі даулы мәселелерді online талдау мүмкіндігі бар);
- *нақты уақыт режимінде синхронды ұжымдық оқыту* (виртуалды сынып арқылы мұғалім кез-келген түрдегі материалдарды, әдеттегі мәтіндік құжаттар мен презентацияларды, аудио және бейне шолулар мен конференцияларды көрсете алады).

Бес мамандандырылған мәліметтер базасы оқушыға мәселелерді шешуге, пікірталастарға қатысуға, қарапайым сыныптағы сияқты толыққанды жұмыс жасауға мүмкіндік береді:

- *CourseRoom* – интерактивті орта, онда оқушылар бір-бірімен, сондай-ақ педагогпен қарым-қатынас жасайды. Бұл мәліметтер базасында оқушылар мұғаліммен бірге мәселелерді шешіп, әртүрлі тапсырмалар жасай алады;
- *MediaCenter*-де (бұл да мәліметтер базасы) кітап тараулары, қысқаша мәліметтер, рефераттар мен мақалалар бар. Осы деректер базасы арқылы Интернетке қол жеткізуге болады. *MediaCenter* оқушыларға қызықтыратын тақырыбын тереңірек зерттеуге және жеке зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін ақпаратты жүктеуге мүмкіндік береді;
- *Schedule* – бұл мәліметтер базасы оқушыларға оқу материалдарын оқып, тапсырмаларды орындауға, тестілеуден өтуге, тапсырмаларды шешуге және зерттеу жүргізуге мүмкіндік беретін жүйенің орталық модулі болып табылады. *Schedule* мұғалім әзірлеген оқу курсының құрылымын көруге мүмкіндік береді;
- *Assessment Manager* дерекқоры – бұл мұғалімдер әр оқушының нәтижелерін бағалап, оған нәтижелерді жіберетін құрал. Сынақтар мен емтихандардың бақылау нүктелеріне арналған материалдарды беру *Schedule* арқылы жүзеге асырылады – оқушыларға берілген бақылау материалына қол жеткізуге мүмкіндік беретін мәліметтер базасы. Орындалған тапсырмалар электронды пошта арқылы *Assessment Manager* дерекқорына жіберіледі.
- *Profiles* – деректер базасы, мұнда оқу процесінің барлық қатысушылары (мұғалімдер мен оқушылар) туралы ақпарат енгізіледі, мұнда байланыс деректері (телефон нөмірі, электронды пошта мекенжайы және т.б.) және оқушы туралы толық деректер (хобби, оқу процесі қалай жүреді және т.б.) көрсетіледі. *LearningSpace* арқылы әрбір оқытушы оқушыны курсына өз бетінше жаза алады, сонымен қатар топтарды қосу қарастырылған. Сонымен қатар «ереже» жасау мүмкіндігі бар, оған сәйкес оқушылар өздері үшін қажетті курстарға автоматты түрде жазылады.

LearningSpace бойынша оқыту бағдарламалары бар, ол үшін әрбір педагог өзіне қажетті функционалды толық көлемде пайдалана алады.

LearningSpace үш деңгейлі құрылымға ие, оны бір немесе бірнеше серверлерде жұмыс істеуге баптауға болады.

Moodle курстарды жасау жүйесі

Moodle (модульдік объектіге бағытталған динамикалық оқу ортасы) – Internet-ке арналған курстар мен web-сайттарды құру жүйесі.

Бұл оқу ортасы оқытушы мен оқушылардың өзара әрекет етуін ұйымдастыруға арналған, бірақ дәстүрлі қашықтан оқыту курстарын ұйымдастыруға да, күнделікті күндізгі оқуды қолдауға да жарамды.

Moodle авторы және басты идеологы – аустралиялық Martin Dougiamas. Жүйенің жобасы ашық және оған көптеген басқа адамдар бірлескен автор ретінде қатысады.

Moodle GNU Public License лицензиясы бойынша тегін таратылады. Бұл ашық коды (Open Source) бар бағдарламалық жасақтама. Moodle-ді ашық бастапқы кодта тарату жүйені белгілі бір жергілікті ерекшеліктерге сай баптауға, әсіресе қажет болған жағдайда оған жаңа модульдерді енгізуге мүмкіндік береді.

Бағдарламалық кешен әлемнің 197 елінде қолданылады. Ол ондаған тілге, оның ішінде орыс тіліне аударылған.

Қарым–қатынас жасаудың үлкен мүмкіндіктері – Moodle-дің күшті жағы. Жүйе кез келген оқытушылар немесе оқушылар арасында кез келген форматтағы файлдармен алмасуға мүмкіндік береді.

Moodle әр оқушы үшін тапсырылған барлық жұмыстарды, мұғалімнің жұмысқа деген барлық бағалары мен түсініктемелерін, форумдағы барлық хабарламаларды жасайды және сақтайды.

Ақпаратты тарату (рассылка) курстың барлық қатысушыларына немесе жеке топтарға ағымдағы оқиғалар туралы тез хабарлауға мүмкіндік береді. Форум топтарда өткізілуі мүмкін оқу талқылауына мүмкіндік береді. Хабарламаларға кез-келген форматтағы файлдарды тіркеуге болады. Оқытушылар мен оқушылардың хабарламаларын бағалау мүмкіндігі бар.

«Мұғалімдер форумы» сервисі педагогтердің кәсіби мәселелерін талқылауға мүмкіндік береді. Чат мәселелерді нақты уақытта талқылауға мүмкіндік береді. «Хабар алмасу», «Пікір» сервистері оқытушы мен оқушының жеке байланысы үшін құрылған: жұмыстарды рецензиялау, жеке оқу мәселелерін талқылау. Әрбір курс бойынша барлық белгілер жиынтық тізімдемеде сақталады. Мұғалім кез-келген бағалау жүйесін құра алады және қолдана алады.

Өртүрлі элементтердің қолданылуын өзгерте отырып, мұғалім оқу нақты сабақтарда қойылған міндеттер мен мақсаттарға сәйкес келетін етіп материалды басқарады.

Moodle оқушылардың «сабаққа қатысуын», «белсенділігін», олардың желідегі оқу жұмысымен қанша уақыт айналысатынын тексереді.

Терминдер сөздігі терминдермен жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді, ал сөздік мақалаларды мұғалімдер ғана емес, оқушылар де жасай алады. Moodle белгілі бір курстың глоссарийін де, барлық курстардың қатысушыларына қол жетімді жалпы глоссарийді де жасайды. Сөздік (глоссарий) терминдері курстарда ерекшеленеді және глоссарийдің тиісті мақалаларына сілтемелер болып табылады.

Жүйеге web-беттерді құру үшін визуалды редактор енгізілген, бұл оқытушыға суреттер мен кестелерді қамтитын беттерді құруға мүмкіндік береді.

Ресурс өзін-өзі дайындауға, дәріс, зерттеу, талқылауға арналған ерікті материал болуы мүмкін: иллюстрация, мәтін, аудио немесе бейне файл, web-бет және басқалар.

Тапсырманы орындау дегеніміз – файлды серверге құру және жүктеу немесе мәтінді тікелей Moodle жүйесінде (кірістірілген редактордың көмегімен) құру.

Педагог оқушыларға тапсырылған файлдарды жедел қарап шығады. Ол қажет болған жағдайда оларға түсініктеме бере алады, ескертулер бойынша нақтылауды ұсынады. Қажет болса мұғалім курс оқушыларының файлдарына сілтемелер ашып, бұл жұмыстарды форумда талқылау тақырыбына айналдыра алады. Әр оқушы, егер мұғалім рұқсат етсе, тексеру нәтижелері бойынша оларды түзетіп, файлдарды бірнеше рет тапсыра алады. Бұл оқушыға оқу тапсырмасын дұрыс орындауға мүмкіндік береді.

Форум оқыту процесінде туындайтын мәселелерді талқылауға және кеңес беру өткізуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың өздеріне бір-бірінің жұмысын бағалауға мүмкіндік береді.

Moodle форумы ағаш тәрізді құрылымға ие. Бұл басқа оқушылар жасаған мәтіннің «фрагментті қосу» қағидаты бойынша кез-келген фрагменттеріне өзгерістер қосу арқылы мәтіндерді бірігіп жасауға мүмкіндік береді. Форум хабарламалары автоматты түрде электронды пошта арқылы жіберілуі мүмкін.

«Сабақ» курсының элементі материалды кезең-кезеңімен зерттеуді ұйымдастырады. Бұл элемент оқушылардың жұмысын автоматты түрде бағалауға мүмкіндік береді. Мұғалім Moodle-ге бағалау параметрлерін орнатады, содан кейін жүйе әр оқушыға сабақ үшін

жалпы бағаны шығарады және оны автоматты түрде тізімдемеге енгізеді.

«Тест» курсының элементі оқытушыға әртүрлі тест әзірлеуге мүмкіндік береді:

- тіркемеленген жауап;
- кездейсоқ сұрақ;
- сәйкестік;
- жабық түрдегі сұрақтар (бірнеше таңдау);
- қысқа жауап;
- иә/жоқ;
- сандық және т.б.

Тест сұрақтары базада сақталады және оларды келесі курстарда қайта пайдалануға болады. Тест тапсыру үшін бірнеше әрекет жасалады. Тестпен жұмысқа шекті уақыт белгіленуі мүмкін. Оқытушы мәтінмен дұрыс жұмыс істеуді бағалай алады.

Platonus

Platonus ақпараттық жүйесі білім беру жүйесін басқару процестерін тиімді ақпараттық қолдауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ жоғары және орта оқу орындарының оқу процесін басқаруға арналған.

Platonus ақпараттық жүйесі келесі бағыттар бойынша міндеттер кешенін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

- жоғары және орта оқу орындарының, олардың персоналы мен студенттерінің қызметін ақпараттық-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіру негізінде білім беру қызметтерін көрсету сапасын арттыру.
- контингенттің ақшалай түсімдерінің сақталуын бақылау жөніндегі міндеттерді шешуді ақпараттық-техникалық қолдау негізінде білім беру саласындағы басқарудың тиімділігін арттыру.
- жоғары және орта оқу орындарының, олардың персоналы мен студенттерінің қызметін ақпараттық-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіру негізінде білім беру қызметтерін көрсету сапасын арттыру.
- жоғары және орта оқу орындары студенттерінің оқу процесін жүргізу, сондай-ақ тиісті уәкілетті органдармен электронды өзара іс-қимыл мүмкіндігін қамтамасыз ету негізінде білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыру мәселелері бойынша хабардар болуын арттыру.

Platonus жүйесінің негізгі функциялары:

- студенттерге оқу траекториясын таңдау еркіндігін және жауапкершілік сезімін арттыруға мүмкіндік береді;

- жүйені енгізудегі жеке тәсіл – оқу орындарының әлемдік тәжірибесін және ЖОО-ның (колледждің) өзіндік практикасын пайдалану);
- ақпараттық технологиялар дәуірінде оқытушылардың біліктілігін, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- жақсартылған ыңғайлы интерфейс;
- әртүрлі академиялық дәрежелер үшін пайдалану мүмкіндігі;
- тестілеудің икемді баптауы;
- сапалы көрсеткіш бойынша студенттің үлгерімі туралы статистикалық есеп алу мүмкіндігі;
- оқу жоспарларын құру кезіндегі қосымша функциялар;
- апелляцияларды жүргізу және емтихандарды қайта тапсыру мүмкіндігі.

Platonus жүйесі келесі процестерді автоматтандыруға мүмкіндік береді:

- білім алушыларды оқытушылардың пәндеріне тіркеу;
- оқу және жеке жоспарларды қалыптастыру;
- академиялық ағындарды қалыптастыру;
- академиялық күнтізбелерді құрастыру;
- білім алушылардың ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру;
- білім алушылардың оқу жетістіктерінің базасын қалыптастыру;
- оқу-әдістемелік материалдарды жүктеу;
- білім алушылардың, қызметкерлердің, оқытушылардың картотекасын жүргізу;
- нақты уақыттағы есептердің әртүрлі түрлерін қалыптастыру.

Бүгінгі таңда Platonus-та академиялық күнтізбені құруға, оқу пәндерін оқытушыларға бөлуге, кафедралар бойынша сағаттарды есептеуге, студенттерді элективті пәндерге жазуға, академиялық ағымдар жасауға, балл қоюға, тестілеу өткізуге болады, әртүрлі критерийлер бойынша есеп автоматты түрде қалыптастырылады және басқа да көптеген функциялар жұмыс істейді. Жүйеде жоғары оқу орындарының форумы мен чат, электронды кітапхана және дәрістерге қол жетімді виртуалды аудиториялар бар.

Univer

«Univer» жүйесі – бұл университеттің көптеген қызметкерлерінің жұмыс орындарын автоматтандыратын оқу процесін басқару жүйесі. «Univer» жүйесі 2009 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ақпараттық технологиялар департаментінің бағдарламалық

қамтамасыз етуді әзірлеу бөлімінде әзірленді. Жүйені әзірлеу 2009 жылдың ақпан айында басталды, сол кезде «Инtranет» деп аталатын қолданыстағы жүйенің негізінде жаңа жүйенің жобалауы басталды, ол кейіннен «Универ» деп аталды. 2009 жылдың тамызына қарай жүйенің бірінші модулі – «Қабылдау комиссиясы» іске қосылды, ал 2009 жылдың 1 қыркүйегінде жүйе сол кездегі «Инtranет», «Деканат» және «Ректорат» жүйелерін алмастыра отырып, толық жұмыс істей бастады.

2010 жылдың жазының соңына қарай жүйеде келесі модульдер іске асырылды:

«Қабылдау комиссиясы», «Оқу жоспарлары», «Студенттерге арналған файлдар (ПОӘК)», «Келу және үлгерім журналы», «Пәндерге тіркеу», «Сабақ кестесі», «Оқу бөлімінің модулі», «Әдістемелік бөлімнің модулі», «Студенттік бөлімнің модулі», «Басшылық модулі» және т.б.

2010 жылдың жазының аяғында жүйеде жұмыс немесе оқу орнын автоматтандыратын 24 рөл болды.

Edx

Жақында ең танымал онлайн білім беру платформасы болып табылатын Edx платформасының бастапқы файлдары жарияланды. Бірақ бағдарламалауда таяз білімі бар адамға бұл платформаны өз сайтына қою қиын болады (репозиторийлермен жұмыс), сонымен қатар жеке серверіңіз болуы керек.

Coursesites.com

Бұл LMS blackboard жасаушыларынан жасалған, LMS-ке ұқсас. Айырмашылығы – өзіңіздің онлайн-курсыңызды құру кезінде сізге жеке қосалқы субдомен беріледі және курсыңыздың мекенжайы келесідей болады: <http://coursename.coursesites.com>. Курсты аяқтау үшін сіз сайтқа тіркелуіңіз керек.

Кемшілігі: платформа ағылшын тілінде.

Edmodo.com

Moodle-ден кейін танымалдығы бойынша екінші LMS, (батыста). АҚШ мектеп мекемелері арасында танымал. Қазіргі уақытта ол кейбір орыс тілді мектептермен біріктірілген.

Артықшылықтары: осы платформада: жазбалар, еске салғыштар, үй тапсырмалары, тесттер жасай аласыз. Сондай-ақ білім алушылар

арасында рейтинг бар. Бұл жүйеге білім алушының ата-анасы да қол жеткізе алады.

Кемшіліктері: 1. Курсқа кіру үшін код қажет. 2. Платформа ағылшын тілінде.

Versal.com

Бұл LMS бета-тестілеуде.

Артықшылықтары: курсты құру көптеген өнімдерді (google doc, quizlet, online office, analytics, graphics және т.б.) біріктіру арқылы жүзеге асырылады, бұл әртүрлі тақырыптағы курстарды құруға еркіндік береді.

Кемшіліктері: Платформа ағылшын тілінде. Курстың басталу және аяқталу күнін көрсету мүмкін емес.

Udemy.com

Артықшылықтары: негізінен бейне дәрістерді жасауға арналған (олар жалпы ұзақтығы 30 минут болатын бейне дәрістерді жасауды қажет етеді). Кері байланыс бағдарламасы жақсы. Сіз өз курстарыңызды сата аласыз.

Кемшіліктері: платформа толығымен орыс тілінде емес.

Сондай-ақ мынадай платформалар бар: blackboard, SumTotalSystems, Skillsoft, Cornerstone, Desire2Learn, NetDimensions, Collaborize Classroom, Interactyx, Docebo, Instructure, Meridian knowledge Sol., Laititude learning, Sakai.

Қорытынды: платформалар негізінен ағылшын тілінде, бірақ интуитивті-түсінікті интерфейс құрылған онлайн курстың өтуін жеңілдетеді. Көптеген LMS біздің өлшемдерімізге сәйкес келеді.

Сонымен қатар Қазақстанда мектепте және мектептен кейін оқытуға арналған келесі онлайн платформалар қолжетімді:

iMektep.kz – жетекші қазақстандық әдіскерлер мен мұғалімдер әзірлеген бастауыш мектеп бағдарламасының толық курсы. Әр сабақ интерактивті ойын тапсырмалары мен сынақтармен бірге жүретін қысқа анимациялық фильмнен тұрады.

Bilimland.kz – электронды оқытудың әлемдік көшбасшыларының озық жетістіктеріне негізделген білім беру платформасы. Бұл мұғалімдерге, оқушыларға және ата-аналарға арналған әлемдік әзірлеушілердің ең заманауи білім беру мазмұнының ең үлкен жиынтығы.

Twig-bilim.kz – Қазақстан үшін кәсіби локализацияланған халық-аралық оқыту онлайн-сервисі әлемдік деңгейде мойындалды. Кешен химия, физика, биология, жаратылыстану, математика және география пәндері бойынша мектеп бағдарламасы негізінде жасалған 1500-ден астам қызықты қысқа фильмдерден тұрады (ұзақтығы шамамен 3 минут).

Zhastar.org – ата-аналар, мұғалімдер мен балаларға арналған өмірлік дағдыларды қалыптастыру, оқушылардың әлеуметтік дағдылары мен психологиялық әл-ауқатын дамыту бойынша онлайн-платформасы. Сайтта ата-аналар мен балаларға өзекті ұсыныстар беретін, психологтар мен мұғалімдерді оқытатын мультимедиялық материалдар бар.

Kitap.kz (Қазақстанның ашық кітапханасы) – 20 000-нан астам шығармалар жинағы бар қазақ әдебиетінің ең ірі ақысыз онлайн кітапханасы.

Audiokitap.kz – қазақ көркем әдебиетінің 1500-ден астам аудиокітаптарына және 400 аудиоертегілерге тегін қол жеткізуге арналған iOS және Android үшін мобильді қосымша.

Openu.kz (Қазақстанның ашық университеті) – еліміздің жетекші жоғары оқу орындары мен оқытушыларының онлайн-курстарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін онлайн білім беру платформасы. Гуманитарлық, инженерлік-техникалық және бизнес мамандықтары бойынша 170-тен астам курс бар. Сондай-ақ сайтта «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы шеңберінде аударылған кітаптар қолжетімді.

Academia.kz – педагогтер мен ата-аналарға арналған білім беру платформасы. Мұғалімдердің шығармашылық және ғылыми жұмыстарына арналған ғылыми эксперименттердің, әдістемелік материалдар мен педагогикалық әдебиеттің үлкен коллекциясы.

Khanacademy.org – мектепке арналған білім беру үшін тегін платформа. Сайт жеке білім беру траекториясын құруға мүмкіндік береді.

Alison.com – 1000-нан астам курстар жиынтығы бар тегін кәсіби курстар. Жобаның аудиториясы 14 миллионнан астам пайдаланушыны құрайды.

Openculture.com – ақысыз негізде білімге қол жеткізу жөніндегі жаһандық бастама. Платформада 1300 онлайн курстар, 1150 фильмдер, 700 аудиокітаптар, 800 электронды кітаптар, 300 тіл курстары және 150 бизнес курстар жинақталған

Academicearth.org – АҚШ-тың жетекші жоғары оқу орындары курстарының агрегаторы. Сайт Cornell, Columbia, Harvard, Dartmouth, Princeton, Stanford, Yale және басқа университеттердің курстарын тыңдауға мүмкіндік береді.

Google Arts Institute – бүкіл әлем бойынша өнер туындыларына қол жеткізу мүмкіндігі бар онлайн платформа. Қазіргі уақытта платформа арқылы 32 әлемдік мұражайлар мен өнер көрмелерінің, соның ішінде Метрополитен мұражайы (Нью-Йорк), Уффици (Флоренция) және қазіргі заманғы Тейт галереясы (Лондон) сияқты 32000-нан астам заттардың коллекциясымен танысуға болады.

MIT OpenCourseWare – MIT университетінің инженерлік және IT мамандықтары бойынша оқу материалдары.

TED-Ed – білім беру қажеттіліктері үшін ұйымдастырылған және тақырыптар бойынша сұрақтар мен тесттермен жүйеленген TED баяндамалары.

National Geographic Kids – жас балаларға арналған танымал National Geographic контенті. Табиғат пен Жер планетасын тануға арналған контенті бар ыңғайлы сайт.

Бүгінде Интернет технологияларды және қашықтан оқытуды пайдалану мамандарды үздіксіз оқыту және мамандарды қайта оқыту, екінші білім алу үшін жаңа мүмкіндіктер ашады, оқытуды қолжетімді етеді.

Қашықтан білім беру формасы туралы айта отырып, бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін құру туралы айту керек, оған ақпараттың барлық электронды көздерін (соның ішінде желілік) қосу керек: виртуалды кітапханалар, мәліметтер базасы, кеңес беру қызметтері, электронды оқулықтар, киберкласс. Қашықтан оқыту туралы сөз болғанда жүйеде мұғалімнің, оқулықтың және оқушының болуын түсіну керек. Бұл мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеті. Бұдан шығатын қорытынды: *қашықтан оқытуды ұйымдастырудағы ең басты мәселе – электронды курстар құру, қашықтан оқытудың дидактикалық негіздерін дамыту, үйлестіруші мұғалімдерді даярлау.* Интернетте ұсынылатын курстар көбіне электронды курсты құруға педагогикалық көзқарас идеясына сәйкес келмейді. Демек қашықтан оқыту курстарының әзірленуіне және оларды негізгі, тереңдетілген, қосымша білім берудің әртүрлі мақсаттары үшін пайдалану әдіснамасына байланысты проблеманың маңыздылығы.

Өз бетінше дайындалу сұрақтары:

1. Қашықтан оқытудың тиімділігі неге байланысты?
2. Сіздің ойыңызша сипатталған бағдарламалық платформалардың қайсысы ең қызықты?
3. ҚО-ның қай платформасы Сіздің ЖОО-да қолданылады? Оның оң және теріс жақтары қандай? Онда нені өзгерткіңіз келеді?

Шығармашылық тапсырмалар:

1. Оқу орныңыздың білім беру порталын пайдалану бойынша нұсқаулық жасаңыз. Нұсқаулық оқушыларға жіберілуі керек. Көлемі – 15 бетке дейін. Барлық сипатталған әрекеттер скриншоттармен суреттелуі керек.

Баяндама және реферат тақырыптары:

1. Мен Moodle неге таңдаймын?
2. Мен Platonus неге таңдаймын?
3. Мен Univer неге таңдаймын?
4. Танымал қашықтан оқыту платформаларын салыстыру.
5. Қазақстан мектебі үшін МДҰ платформасының ерекшеліктері.

Ұсынылатын әдебиет:

1. Лучшие LMS 2020 года, и как выбрать систему дистанционного обучения для вашего бизнеса. URL: <https://evergreens.com.ua/ru>.
2. Бактыбаев Ж.Ш., Тусубаева Ж.М. Образовательные технологии в области дистанционного обучения как интеграция Казахстана в международное образовательное пространство. Вестник КазНПУ, – Алматы. 2016.
3. ТОП 11 бесплатных систем дистанционного обучения для организации электронного обучения. URL: <https://hr-elearning-ru.turbopages.org>.

ГЛОССАРИЙ

Download жүктеуі – компьютерден оған қосылған құрылғыға, әдетте серверден жеке компьютерге бағдарламаларды немесе деректерді жіберу.

Distant learning қашықтан оқыту (ҚО) – оқыту процедураларының барлығы немесе басым бөлігі оқытушы мен студенттердің аумақтық бытыраңқылығы кезінде қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

Distance education қашықтан оқыту 1. Электронды және дәстүрлі байланыс құралдары арқылы жүзеге асырылатын білім беру орталығынан қашықта тұрған адамдардың оқу-танымдық қызметіне мақсатты және әдістемелік ұйымдастырылған басшылық. 2. Қашықтықта оқу ақпаратымен алмасуды қамтамасыз ететін және оқу процесін сүйемелдеу және әкімшілендіру жүйесін іске асыратын АКТ-ны пайдалануға негізделген мамандандырылған білім беру ортасының көмегімен білім алу, білік және дағдыларды меңгеру процесі.

E-learning (Electronic Learning) – электронды оқыту (немесе онлайн оқыту). E-learning – интернет желісі немесе корпоративтік Интранет желісі арқылы компьютерлік оқу бағдарламаларына (courseware) қол жеткізуді қамтамасыз ету. E-learning синонимі – WBT (web-based Training) термині – веб арқылы оқыту.

Graphical User Interface пайдаланушының графикалық интерфейсi – графикалық элементтерді қолданатын интерфейсi.

HTML тілі – Ғаламтордың негізгі тілі (WWW).

ICQ – Интернет желісінде жедел қарым-қатынас жасауға арналған жүйе.

IP адресі – Интернеттегі компьютердің ерекше мекенжайы. IP мекенжайы – нүктелермен бөлінген төрт саннан тұратын сандық мекенжай. Әрбір IP мекенжайы Internet желісіндегі компьютерді бірегей түрде анықтайды. Компьютерге оңай қол жеткізу үшін әдетте оның домен атауы қолданылады.

LMS (Learning Management System) – оқытуды басқару жүйесі.

Learning Portal (E-learning Portal) – оқу порталы (корпоративтік немесе қоғамдық веб-сайт). Корпоративтік оқыту мүмкіндіктеріне, соның ішінде LMS арқылы қол жеткізуге мүмкіндік беретін

корпоративтік сайт. Оқу бағдарламаларына қол жеткізуді қамтамасыз ететін көпшілікке ашық сайт болуы мүмкін.

TCP/IP–хаттама Transmission Control/Internet Protocol – Интернет желісінде қабылданған, компьютерлік жүйелерді Интернет арқылы қосу және деректерді жіберу үшін пайдаланылатын стандартты желілік байланыс хаттамасы (дәлірек айтқанда хаттамалардың тобы).

URL – ресурстың әмбебап көрсеткіші – бұл Интернеттегі құжаттың орналасқан жерін көрсететін стандартталған таңбалар жолы.

Video conference бейнеконференция – бейнеконференц байланысты пайдаланатын іс-шара.

Video conferencing бейнеконференцбайланыс – электр байланысы және компьютерлік желілер операторлары ұсынатын және аумақтарға бөлінген топ қатысушылары арасында нақты уақыт режимінде аудио және бейне ақпаратпен алмасуды қамтамасыз ететін қызмет.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) Information and Communication Technologies (ICT) – пайдаланушылардың мүддесі үшін ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, тарату, көрсету және пайдалану мақсатында интеграцияланған әдістердің, өндірістік процестердің және бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы.

Браузер Броузер (Қарау құралы) Browser – веб-серверден жүктелген веб-беттерді қарауға арналған бағдарлама.

Веб-страница – веб-сайттың құрамдас бөлігі. Мәтін, суреттер, басқа беттерге немесе басқа серверлерге гипермәтіндік сілтемелер болуы мүмкін. Физикалық түрғыдан бұл файл.

Виртуалды аудитория – бір-бірінен алшақ орналасқан, деректерді жіберу арналарымен біріктірілген және оқытушымен және бір-бірімен интерактивті өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігі болған кезде мазмұны жағынан бірдей оқу бағдарламаларын орындау үшін білім алушылар қашықтан оқыту технологиясы шеңберінде пайдаланатын көптеген жұмыс орындары.

Виртуалды қауымдастықтар Virtual communities (e-Communities) – бұл термин Интернеттің даму процесінде пайда болды және мынаны білдіреді: 1. Электронды кеңістікте пайда болатын және жұмыс істейтін қауымдастықтардың жаңа түрі. 2. Электронды кеңістікте жұмыс істеу үшін желі пайдаланушыларын ортақ мүдделері бар топтардың бірлестіктері.

Виртуалды шындық Virtual reality 1. Көрсеткіш экранның артындағы қиял әлеміне енгізетін визуалды және дыбыстық әсерлерді қамтамасыз ететін компьютерлік жүйелер. Пайдаланушы компьютер жасаған суреттермен және шындықпен әсер ететін дыбыстармен қоршалған. Пайдаланушы жасанды әлеммен әртүрлі сенсорлармен өзара әрекеттеседі, мысалы, дулыға мен қолғап, оның қимылдары мен әсерлері мен аудиовизуалды әсерлерін байланыстырады. Виртуалды шындық саласындағы болашақ зерттеулер байқалатын шындықтың сезімін арттыруға бағытталған. 2. Стереоскопиялық түрде ұсынылған «экран әлеміне» тікелей кіру және нақты уақытта болу елесін кешенді мультимедиа-операциялық орталардың көмегімен іске асыратын байланыссыз ақпараттық өзара іс-қимылдың жаңа технологиясы. Неғұрлым дерексіз – бұл пайдаланушының қиялында жасалған қиял әлемі.

Гипермәтін Hypertext – кез келген жерде орналастырылуы мүмкін құжаттар арасындағы байланыс. Бөлінген сөз немесе сөз тіркесітеріне тінтуірді басып, пайдаланушы осы тақырып қамтылған бөлімдерге кіреді.

Гиперсілтеме (сілтеме) Линк Link – Интернеттегі кез-келген басқа файлды көрсететін және осы файлға толық жолды (URL) қамтитын HTML құжатындағы жол. Гиперсілтемелер – сайттағы немесе электронды пошта хатындағы графикалық кескін немесе мәтін, оны басу арқылы (басқа) веб-бетті бұғаттауға болады.

Ғаламтор World Wide Web (WWW) 1. Бүкіл әлемде орналасқан серверлерде ақпаратқа оңай қол жеткізуге мүмкіндік беретін интернеттегі қызмет. 2. Гиперортаны қолдана отырып, ақпаратты ұйымдастыратын Интернеттегі қызмет. Әр құжатта суреттерге, дыбыстарға немесе басқа құжаттарға сілтемелер болуы мүмкін.

Домен атауы Domain name – Интернеттегі әр түйін тіркелген символдық атау. Нүктемен бөлінген алфавиттік-цифрлық терминдердің бірнеше тобынан тұрады, мысалы www.vuz.ru. Домен – Интернеттің ең үлкен құрылымдық бірлігі. Әдетте домен – бұл ел немесе басқа үлкен құрылым.

Желі құру Networking – қызығушылықтар бойынша ақпаратты ерікті және кейде ақысыз алмасуға негізделген электронды қауымдастықтарды құру процесі.

Желі Network – бір-біріне деректерді жібере алатындай етіп қосылған компьютерлер мен басқа құрылғылар тобы.

Интерактивті Interactive – диалогтық.

Интерактивті мультимедиа курсы – мультимедиялық қосымшалары бар гипермәтіндік құрылым түрінде ұсынылған, курс бойынша навигация және оның әртүрлі компоненттерін басқару жүйесімен қамтамасыз етілген оқу материалы.

Интражелі Intranet – Интернет қағидаты бойынша құрылған ішкі корпоративтік желі.

Интернет Internet 1. Бүкіл әлемдегі үкіметтік, академиялық, коммерциялық, әскери және корпоративті желілерді қамтитын ғаламдық желі, TCP/IP деректер хаттамасын қолдануға негізделген. 2. Бөліктері TCP/IP хаттамасына негізделген бірегей мекенжай кеңістігі арқылы бір-бірімен қисынды түрде өзара байланысты және жоғары деңгейдегі коммуникациялық қызметті жария немесе жеке түрде қамтамасыз ететін жаһандық ақпараттық жүйе. 3. Жер шарын ораған көптеген өзара байланысқан компьютер желілері. Интернет TCP/IP хаттамасын қолданатын компьютерлерге, электронды пошталарға, хабарландыру тақталарына, мәліметтер базасына және пікірталас топтарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Интернет қызмет провайдері (Провайдер; Интернет Сервис Провайдер) **Internet Service Provider (ISP)** – Интернет қызметтерін ұсынатын компания немесе басқа ұйым: өз компьютерлері арқылы Интернетке қосылу (Интернеттің бөлігі болып табылатын), хостинг және т.б.

Интернет-технологиялар – ақпараттық, телекоммуникациялық және өзге де технологиялар, сондай-ақ олардың негізінде желіде немесе Интернет желісінің көмегімен қызмет көрсетілетін сервистік қызметтер.

Интерфейс Interface – компьютер мен оның пайдаланушысы арасындағы немесе екі құрылғы арасындағы байланыс бағдарламалық жасақтамасы. Шектеулі мағынада - пайдаланушымен диалогты қамтамасыз ету үшін қызмет ететін бағдарламалық ортаның сыртқы түрі.

Интернет Хаттама Internet Protocol (IP) – интернеттегі байланысты қамтамасыз ететін негізгі хаттама.

Кейс-технологиясы – мәтіндік, аудиовизуалды және мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдардың жиынтығын (кейстерін) пайдалануға және оларды дәстүрлі немесе қашықтан оқыту тәсілімен тьютор-оқытушылардан тұрақты кеңестер ұйымдастыру кезінде білім алушылардың өз бетінше зерделеуі үшін жіберуге негізделген қашықтан оқыту технологиясының түрі.

Қашықтан қол жеткізу зертханасы – телекоммуникациялық байланыс арналары арқылы оған қашықтан қол жеткізе отырып, нақты оқу-зерттеу жабдығымен жарактандырылған оқу ұйымының бөлімшесі.

Қашықтан оқыту орталығы (ҚО орталығы), Қашықтан білім беру орталығы – білім беру процесін әкімшілік, оқу-әдістемелік, ақпараттық және техникалық қолдауды жүзеге асыратын ҚО жүйесі мекемесінің жеке бөлімшесі, өкілдігі немесе филиалы.

Қашықтан оқыту технологиясы (білім беру процесі) – заманауи ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде қашықтан оқу процесін жүргізуді қамтамасыз ететін оқыту әдістері мен құралдарының және оқу рәсімдерін әкімшілендірудің жиынтығы.

ҚО аспаптық құралдары – ҚО-ның ақпараттық-білім беру ортасында оқу материалдарын ұсыну үшін пайдаланылатын бағдарламалық және ақпараттық қамтамасыз ету.

ҚОЖ (Қашықтан Оқыту Жүйесі) – LMS терминінің аналогы (оны кеңінен қолдануға болады – қашықтан оқыту қызметтерін ұсыну үшін аппараттық және соған байланысты ұйымдастырушылық кешен ретінде).

ҚО жүйесі немесе ҚОЖ – қашықтан оқытуды жүргізу мақсатында ұйымдастырушылық, әдістемелік және техникалық жағынан біріктірілген қашықтан оқыту технологиялары арқылы білім алуды қамтамасыз ететін білім беру жүйесі. Мыналарды қамтиды: қашықтан оқытуды жүргізу мақсатында ұйымдастырушылық, әдістемелік және техникалық жағынан біріктірілген әкімшілік пен техникалық мамандардың кадрлық құрамы, профессорлық-оқытушылық құрамы, оқу материалдары мен өнімдері, оқыту әдістемелері және білім алушыларға (қашықтан оқыту технологияларының бір немесе бірнеше түріне сәйкес келетін) білім беру құралдары.

ҚО кадрлық қамтамасыз етуі – қашықтан білім беру мекемесінде ҚО өткізуге және оқу материалдарының базасын әзірлеуге және толықтыруға тартылатын штаттық кестелер, лауазымдық нұсқаулықтар, профессорлық-оқытушылық құрам.

ҚО оқу-әдістемелік қамтамасыз етуі – дидактикалық және психологиялық аспектілерді ескере отырып, қашықтан оқыту технологиясы бойынша оқу материалдарының базасы, осы базаны басқару жүйесі, ҚО әдістері, тест, ұсыныстар.

ҚО техникалық қамтамасыз етуі – ҚО ақпараттық-білім беру ортасында қолданылатын есептеу, телекоммуникация, жерсеріктік, теледидар, перифериялық, көбейткіш, кеңсе және басқа да жабдықтар, сондай-ақ деректерді тарату арналары.

ҚО ұйымдастыруды қамтамасыз етуі – ҚО технологияны қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастырудың жергілікті және қазақстандық заңнамаға сәйкес келетін формалары, сондай-ақ оларды пайдалану бойынша ұсыныстар.

Модератор – электронды конференцияның немесе тарату тізімінің жүргізушісі болып табылатын адам. Оның құқықтары конференцияға қол жетімділікті басқару және конференциядағы материалдарды жариялау функцияларын қамтуы мүмкін. Модератор пікірталастың берілген тақырыпқа (егер бар болса) және белгіленген ережелерге сәйкес келуін қарастырады.

Мультимедиа Multimedia 1. Дыбыс, сурет және мәтінді қолдана отырып, әртүрлі медианың тіркесімі. 2. Интерактивті бағдарламалық жасақтамамен басқарылатын визуалды және аудио әсерлердің өзара әрекет етуі. Әдетте бұл мәтін, дыбыс және графиканың тіркесімін білдіреді, ал кейінгі кезде – анимациялар мен бейнелер. Мультимедиялық веб-тораптар мен ықшам дискілердің нақты ерекшелігі гиперсілтемелер болып табылады. 3. Дыбыстық, мәтіндік және сандық сигналдардың, сондай-ақ қозғалмайтын және қозғалатын суреттердің тіркесімін білдіретін ұғым. Сонымен мультимедиялық мәліметтер базасында мәтіндік және бейнелі ақпарат, бейнеклиптер, кестелер болады және мұның бәрі бірдей қолжетімді. Мультимедиялық телекоммуникациялық қызмет пайдаланушыға өз қалауы бойынша бірін-бірі алмастыратын кез келген ақпарат түрін жіберуге немесе алуға мүмкіндік береді.

Онлайн On-line – желіге тікелей қосылған кезде интернеттегі жұмыс режимі.

Оффлайн Off-line – Интернетке қосылусыз компьютердің автономды режимі.

Пайдаланушы User – веб-сайтқа кіруші.

Портал Portal – «портал» сөзі Интернетке архитектурадан «негізгі кіру» мағынасында келді. Бұл өз браузерінің бастапқы бет ретінде пайдаланатын және адам үнемі интернетте өз жұмысын бастайтын сайт. Портал веб-қызметтерді, мазмұнды және басқа ресурстарға сілтемелерді көптеген пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін біріктіруі керек. Порталдың негізгі идеясы қызметтердің

белгілі бір сыни массасын құра отырып, «өзін-өзі толықтыратын» пайдаланушылар санын жинап, содан кейін порталдың өнімділігі жарнамаға қосымша шығынсыз өседі.

Тарату тізімі Mailing list – тарату тізімі деп жазылушылар тобына пошта хабарламасын жіберуге мүмкіндік беретін механизм түсініледі. Хабар тарату ретінде (иесі ақпарат жібереді, жазылушылар алады) және топтық қауымдастық ретінде (жазылушылар бір-бірімен байланысады) тарату бар. Соңғы жағдайда, таратуда топтық мекенжай бар - оған жіберілген хабарламаларды барлық жазылушылар алады. Тарату иесі (модератор) қатысушылардың құқықтарын анықтайды – кім тек таратуды оқи алады және оған кім хабарлама жаза алады.

Теледидар технологиясы – білім алушыға оқу-әдістемелік материалдарды жеткізу және оқытушы-тьюторларда тұрақты консультациялар ұйымдастыру үшін теледидар жүйелерін пайдалануға негізделген қашықтан оқыту технологиясының түрі.

Телекоммуникациялар Telecommunications – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) негізінде деректерді қашықтан жіберу процесі.

Телеконференция Teleconference – техникалық құралдардың көмегімен аумақтарға бөлінген қатысушылар арасында топтық байланыс жүзеге асырылатын іс-шара түрі. Мысалдар: телефон конференциясы, аудио конференция, чат, пошта конференциялары, бейнеконференция және т.б.

Тьютор Tutor – Қашықтан оқытудың нақты бағдарламасы шеңберінде оқытындарға әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсетуді жүзеге асыратын ҚО жүйесінің профессорлық-оқытушылық құрамына кіретін әдіскер, оқытушы немесе кеңесші-тәлімгер.

Формат Format – белгілі бір типтегі мәліметтерді ұсынуға арналған ережелер мен келісімдер жиынтығы (мысалы, графикалық кескіндер, дыбыс, бейне ақпарат).

Үздіксіз оқыту Lifelong learning – адамның өмір бойы өз бетінше білім алуға және дамуға ұмтылысын қанағаттандыратын, білім берудің барлық буындарының ұйымдастырушылық және мазмұндық бірлігі мен өзара байланысын қамтамасыз ететін мемлекеттік, жеке және қоғамдық білім беру мекемелерінің кешені.

Чат Chat – екі немесе одан да көп Интернет пайдаланушыларының нақты уақыттағы хат алмасуы, яғни бір уақытта сол мәтін жолағында.

Іздеу жүйелері (машиналары) Search engines – пайдаланушы берген сұрауы бойынша осы сұрауға сәйкес келетін сайттарға сілтемелер

ала алатын арнайы сайт. Интернеттен ақпаратты іздеу құралы. Әдетте іздеу машинасының жұмысы екі кезеңнен тұрады. Арнайы бағдарлама (іздеу роботы, автомат, агент, паук, құрт, crawler) желіні үнемі айналып өтіп, веб-беттерден ақпарат жинайды (оларды индекстейді). Пайдаланушы сұрау берген кезде іздеу алдын ала жасалған индекс бойынша жүреді. Іздеу нәтижесі – іздеу беру деп аталады – сұрауға сәйкес келетін құжаттарға (веб-беттерге) сілтемелер тізімі.

Іздеу каталогтары (директорийлар) Directories – жүйелі және рубрикацияланған түрдегі сипаттамалары бар интернет-ресурстарға сілтемелердің топтамасы.

